

Азаматтық қоғам алғышарты – ортақ диалог
2-бет



«Қоғам сот төрелігіне белсене араласуы қажет»
3-бет



Құнанбай мешітінің мәртебесі хақында
6-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 21 ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ №105 (23 281)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

ӨЗЕКТІ

Тұрғын үй құрылысы – қарқынды

Елімізде құрылыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде барлық қаржыландыру көздері есебінен 111 млн. шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында елімізде 8 ай ішінде шамамен 10 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға артық және 15,3 млн. шаршы метрді құрайтын жылдық жоспардың 65%-ы. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі жаңадан құрылған Ұлытау облысында – 156,7%, Абай облысында – 128% және Жетісу облысында – 106,8%-ды құраған. Ал, Қарағанды облысының көрсеткіші – 99%.

Жалпы республика бойынша 86 616 тұрғын үй салынды, оның 22 368-і – жеке тұрғын үй. Тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция есепті кезеңде 1,7 трлн. теңгені құрады, бұл – 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 1,5%-ға жоғары.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

БІЛІМ

Аудармашыға керек курс

Онлайн оқып, аудармашы болғыңыз келе ме? Олай болса, мүмкіндіктен кеш қалмаңыз. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Қазақстан аударма академиясымен онлайн білім беруді дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Соның арқасында Skills Enbek платформасында аудармашыларға арналған курс ашылды.

Қазақстан аударма академиясы Орталық Азия аумағында қосымша кәсіптік білім беру және білікті аудармашыларды оқыту қызметтерін ұсына бастады. Курстарды тәжірибелі отандық және шетелдік оқытушылар мен аудармашылар әзірледі. Онлайн оқыту қазақстандықтарға біліктілігін арттыруға, практикалық дағдыларды алуға және жаңа салада өз мансабын бастауға мүмкіндік береді.

Skills Enbek платформасы маркетингтік қағидаты бойынша курстарға қолжетімділік беретін халықаралық оқыту алаңдарының қазақстандық баламасы болып табылады.

Платформада кез келген адам оқи алады. Оқу аяқталғаннан кейін алынған сертификат Электрондық еңбек биржасындағы түйіндемде автоматты түрде көрсетіледі.

Skills Enbek іске қосылғаннан бері әртүрлі бағыттар бойынша 232 курс орналастырылды, оның 133-і – тегін. Тіркеумен пайдаланушылар саны 325 мыңнан асты, ал оқуды сәтті аяқтап, 270 мыңнан астам адам сертификат алды. Оқуды аяқтағандардың ішіндегі 62 мың адам жұмыссыз мәртебесіне ие.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

МӘСЕЛЕ

Ет бағасы елді аландатады

Қарағанды аймағы өндірісті болса да, қоныс қонған көрші өңірден ет пен сүт әзірге сұраған емес. Өйткені аграршылар аймақтың аузын асқа жарыта алатын қуатты. Дегенмен, бүгінде еттің бағасы бұқараны біршама ойлантып отыр. Құны кез келгеннің қазанында аста-төк қайнай қоятындай емес. Ет бағасы жалпына қол салдырмайтындай боп алған. Қымбаттап барады. Жалпы, өндіретін еттің 80 пайызын жекелеген шаруашылықтар өндіретіні бұл күнде ешкімге құпия емес. Табын сиыр мен үйір жылқы, отар қой – осы жеке шаруаларда. Бірақ, осы арада бір «өттеген-ай» бар. Анығын айтқанда, әлеуметгі асырап отырған бұларға әзірге мемлекет тарапынан қолдау кем түсіп тұр. Сөздің анығы – олар мемлекеттен субсидия алмайды. Сондықтан болар, нарықтағы ет бағасының ауа райындай күрт өзгеруін Үкімет тарапынан қадағалау мүмкін емес. Содан да елдегі ет өңдеу кәсіпорындары шикізатты тиімді пайдалана алмай пұшайман. Бұл туралы Сенатта өткен Үкімет сағатында Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашоқеев те айтқан болатын.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шикізат құны кәсіпорынға да тиімсіз

– Бұдан басқа тиімді бағамен берілетін шикізатпен қамтамасыз ету үшін ет өңдеу кәсіпорындарына мұздатылған етті бажсыз әкелуге квота беріліп отыр. Ет саласын дамыту үшін кәсіпорындардың құрылысы мен оны жаңғырту шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық субсидия, несие және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету, асылдандыру жұмыстары мен мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын субсидиялау сияқты барлық шаралар сақталған, – деді ол.

Қазір елде ет өңдейтін 171 кәсіпорын жұмыс істеп тұрған көрінеді. Азық-түлік өнімдері өндірісінің жалпы көлеміндегі ет өнімдерінің үлесі – 16 пайыз. Салқындатылған ет бойынша ішкі нарықты қамтамасыз ету – 117 пайыз, ал шұжық өнімдері 61 болса, ет консервілері – 26 пайыз.

Кәсіпорындарға да шикізаттың бағасы тиімсіз. Мұны реттеу үшін Қазақстаннан ірі қара, қой мен ешкінің аналық басын сыртқа экспорттауға тыйым салынды. Алайда, жалпы алғанда, былтыр өңделген еттің экспорт көлемі 24 мың тоннаға жетті. Бұл – елдегі соңғы 10 жылдағы ең үлкен көрсеткіш.

Ет былтыр

16,6 пайызға қымбаттады

Ашық ресурстарға деректерге сүйенсек, былтыр ет бағасы бір жылда 16,6 пайызға өскен. Өйтсе де, жоғарыда айтқанымыздай, Қарағанды аймағында өзге



өңірге қарағанда ет бағасы біршама төмен болған. Дәлірек айтсақ, елдегі ет бағасының ең төменгі өсімі Қарағанды және Ұлытау облысында ғана тіркелген екен. Бұл екі аймақтағы өсім – 9,7 пайызды көрсетті. Дегенмен, бұл жалпы етке өсім. Ал, оны тарқатқанда өсімнің қалта қағардай екенін көруге әбден болады. Мәселен, Қарағандыда былтыр құс еті – 29,4 пайызға, жылқы еті – 16,7 пайызға, шошқа еті – 14,3 пайызға, қой еті – 12,9 пайызға, сиыр

еті – 10,1 пайызға қымбаттады. Шұжық өнімдерінің ішінде қайнатылған шұжық – 23,6 пайызға, жартылай ысталған шұжық 22,2 пайызға өскен.


Расында, елдегі ет бағасының өсуі бір жағынан орынды секілді. Өйткені нарықтағы еттің 80 пайызы жеке шаруашылықтан келеді. Ал олардың жем-шөбі, жайылар жайылымы, ет жеткізетін көлігі мен ет өткізетін орындарына шығатын

– Облыс бойынша 5 мыңға жуық шаруа қожалығы бар. Осы шаруалардың қарқынды жұмысының нәтижесінде облыста ірі қара – 3,5 пайызға, жылқы – 10-12 пайызға, қой – 3,1, құс – 3-4 пайыз деңгейінде өсті. Бұл өндіріс өндірісіндегі ахуалын көрсетсе керек, – деп атап өтті Сырым Бейсебайұлы.

► 4-бет

Дамудың жаңа парадигмасы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында «Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді» деп нығыздап айтты. Бұл бәсекелестікті арттыруға бағытталған, отандық өнім өндірушілерге негізгі тапсырма десек те болады. Қарағанды қаласында жұмыс істеп тұрған «Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС – нарықта өз бәсекелестерінен биік тұрған кәсіпорын.




РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

400-ге жуық өнім түрі шығады

«Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС 2014 жылдан бастап қайта құрылды. Бұған дейін жұмыс істеп тұрған акционерлік қоғам таратылып, одан қалған зауытқа осы кәсіпорын заңды түрде ие болды. Бүгінгі күні Қазақстанның нарығында электр техникалық өнімінің отандық тауар өндірушісі, әрі энергетикалық нарықтағы көшбасшы компаниялардың бірі.

– Бүгінгі күні зауыт дамудың жаңа сатысына көтерілді, технологиялық құрал-жабдықтың 70%-дан астамы бағдарламалық қамтамасыз етуі бар заманауи технологиялық құрал-жабдыққа алмастырылды, бұл өнім дайындаудың прогрессивті технологияларын қолдануға, өнімнің үш жүзден артық жаңа түрін игеруге мүмкіндік берді.

Жылдар бойындағы жұмыс нәтижесінде біз орнатқан электр тіректер мен флашшот тұғырлары ірі қалалар мен



барлық облыс орталықтарында орнатылды, біздің өнімдермен Қазақстан мен ТМД елдерінің мыңдаған энергетикалық нысандары жабдықталды, – дейді «Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС бас директоры Александр Ларионов.

Қазіргі кезде зауыт өнімнің 400-ге жуық түрін шығарады.

24 сағат жұмыс істейді

Жыл бойы күніне 24 сағат жұмыс істеп тұрған зауытта 3 цех бар. Кронштейнге арналған құбыр, 3-6 миллиметрлік қалыңдықтағы металл негізінен «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамынан алынады.

► 4-бет

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Мұражайға жаңа ғимарат беріледі

Облыстық бейнелеу өнері мұражайының жағдайы қазір аймақтағы өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені, тоғыз қабатты тұрғын үй ғимаратының төменгі қабатында орналасқан мұражай судан зардап шегіп келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зардапқа пәтер иелері кінәлі әрі тынымсыз жауған қатты жаңбыр себепші. Су мұражай қорындағы көптеген жылдардың көзіндей болған картиналарға үлкен зиян келтіреді. Музейге жаңа ғимарат керектігі сан мәрте жазылды да, айтылды да.

– Бейнелеу өнері музейі мен ондағы картиналарының қоры – біздің назарымызда. Мұражай қызметкерлері ұзақ уақыт бойы жаңа ғимарат болуды сұраған. Қазірде жаңа ғимарат салу үшін облыс орталығының Оңтүстік-Шығысында орналасқан жер телімі бөлінген. Қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде, – деді мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмақенов.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 503.93

•USD/KZT 471.45

•RUB/KZT 4.90

•CNY/KZT 64.66

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 қыркүйек, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ФОРУМ

Азаматтық қоғам алғышарты – ортақ диалог

Азаматтық қоғамды дамыту мен қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі. Әрі демократиялық, зайырлы, құқықтық-әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты. Бүгінде бұл сектордың рөлін арттыруға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баса мән беріп отыр. Себебі, азаматтық қоғам – бұл қарапайым халық. Сондықтан да, қазақстандық қоғамды құруда әр қазақстандықтың үлесі болуы керек. Бұл ретте үкіметтік емес ұйымдардың орны орасан. Олардың жұмысы, билік арасындағы диалогты нығайту мәселелері ХІ Азаматтық форумы алаңында талқыланды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында 900-ден астам үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Азаматтық сектор аймақтың дамуы мен қоғамның өзекті мәселелерін шешуге белсенді араласады, әлеуметтік жобаларды іске асырады.

Шараның пленарлық отырысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева, Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет қатысып, сөз сөйледі.

– Үкіметтік емес сектордың дамуы мен қалыптасуы – демократиялық мемлекеттің негізгі және маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев өз сөзінде. – Тәуелсіздіктің алғашқы жылынан бастап, Қазақстан азаматтық қоғам маңызды рөл атқаратын мемлекет құру бағытын ұстанып келеді. Бүгінде ел бойынша 22 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның 918-і біздің облыста. Олар қоғамдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Қазіргі таңда өңірде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 2,3 млрд. теңге болатын 202 жоба жүзеге асырылуда. Бұл көрсеткіштің өсе беретіні анық. Әділетті Қазақстан құрудағы облыстың алға қойған міндеттерін орындауда үкіметтік емес сектор қомақты үлесін қосады деп сенемін. Біз өз тарапымыздан қашан да жан-жақты қолдауға әзірміз.

Бану Нұрғазиева Қазақстанның ХІ Азаматтық форумы «Әділетті Қазақстан: барлығы және әрқайсымыз үшін – азаматтық қоғам дамуының басты бағыты» тақырыбымен келер айда өтетінін мәлімдеді.

– Биыл осындай форумдарды әр өңірде өткіздік. Алғашқысы мамырда Жетісу облысында өткен болатын. Ол жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне арналды. Батыс Қазақстанда инклюзия туралы айтылды. Шымкентте жастар саясаты мәселесі қозғалды. Тақырып көп. Енді келесі аптадан бастап, министрлік алаңдарында шағын форумдар өтеді. Осы кездесулерде айтылған ұсыныстар талқыланады. Олардың негізінде мемлекеттік органдармен бірлесіп, Жол картасын әзірлейміз, – деді Бану Нұрғазиева.

Өңірде өткен форум «Әділ Қазақстан құру үшін азаматтық қоғам институттарын шоғырландыру» тақырыбымен ұйымдастырылды. Аймақтағы үкіметтік емес секторды дамыту мәселелерінде өзіндік ерекше дәстүрлері бар. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық салалары



қоғамдық ұйымдардың жұмысымен қамтылған. Біздің азаматтық сектор ұйымдары үкіметтік емес ұйымдар, кәсіптік одақтар, этно-мәдени және жергілікті діни бірлестіктер атынан заң шығару жұмысына белсенді қатысады, маңызды әлеуметтік жобаларға бастамашылық жасайды, облыс халқына түрлі қызметтер көрсетеді, мемлекеттік ұйымдармен белсенді ынтымақтасады. Содан бөлар, шараға отандық және шетелдік сарапшылар, республикалық Кәсіподақ федерациясы өкілдері, діни ұйымдардың, саяси партиялардың өкілдері, Қазақстан халық Ассамблеясының мүшелері, жастар, мемлекеттік органдар қызметкерлері, республикалық және өңірлік үкіметтік емес ұйымдардан келген қоғам қатысушылары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Сергей Перов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілік» жобасы жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында азаматтық қоғаммен өзара әрекеттестікке үлкен мән берілген. Бүгінгі таңда облыста «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілік» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына, мемлекеттік сатып алу ісіне, жерді ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануға, ұлттық жобалардың орындалуына мониторинг жүргізуді көздейді. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер мен білім беруді жүргізу жұмыстарымен айналысады. Оған кез келген адам қатыса алады. Бұл ретте үкіметтік емес ұйым өкілдері ерекше белсенді болуы керек деп ойлаймын. Жоба биыл тамыздан 2024 жылғы желтоқсанға дейін жүргізіледі, – деді департамент басшысы.

Бүгінде кәсіподақтар қоғамда үлкен рөл атқарады. Ол – азаматтардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау мақсатында олардың еңбек және өндірістік-кәсіби мүдделеріне сәйкес келетін оның мүшелерінің бекітілген құрамы бар қоғамдық бірлестік. Сондықтан биыл осындай жиынға алғаш рет кәсіподақтар бірлестігі де шақырылыпты. Шара спикерлерінің бірі Кәсіподақтар федерациясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Тінікеев кәсіподақтың – ең үлкен қоғамдық ұйым екенін айтты.

– Мықты азаматтық қоғам Қазақстанды әр қарай демократияландыру ісіне әсер ете алады. Мемлекет басшысының соңғы Жолдауында айтқан бастамалары кәсіподақ федерациясының алға қойған мақсаттарымен үндес. Құрамында 2 миллион мүшесі бар кәсіподақ Үкіметке қарапайым адамдар айтатын мәселені жеткізеді. Бұл, біріншіден, еңбекақы мөлшеріне наразылық. Ең төменгі еңбекақы мөлшері төмен. Елді орташа еңбекақы мөлшері 350 мың дегенде бәріміз таңқаламыз. Келер жылдан бастап, ең төменгі еңбекақы мөлшері 85 мың теңгеге жетпек. Одан басқа, қауіпті және зиянды жұмыс орындарында істейтіндерді әлеуметтік қолдауды жетілдіру, зейнетке шығу жасын 55 жасқа төмендету сияқты мәселелер бар. Мемлекет басшысы айтқан бастаманы бұл мәселені шешудегі ілгерілеу деп білеміз. Жұмыс істейтін әр адам үшін әділетті еңбек жағдайы жасалуы керек, – деді Мұхтар Бәкірұлы.

Пленарлық отырыстан кейін форум жұмысы секциялармен жалғасын тапты. Мәселен, азаматтық қоғам институттарын Әділ Қазақстан құруда шоғырландыру өзара іс-қимыл тетігін әзірлемей мүмкін емес. Азаматтық қоғамның ең қуатты құралдары-

ның бірі – саяси партиялар. Олар биліктің өкілі және заңнамалық құрылымдарында көпшіліктің мүддесін білдіре алады. Саяси партиялардың азаматтық қоғамның басқа институттарымен өзара іс-қимыл мәселелері мен перспек-

тивалар тақырыбындағы секцияны Шахмарал Кабулова жүргізді. Кәсіподақтарға қатысты секция жұмысына Татьяна Шатохина модератор болды. Үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-сектордың өзара әлеуметтік әріптестік қажеттілігі артып келеді. Бұл тақырыпты Қарағанды облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов арнайы секцияда қозғайды. Бұл жерде діни ұйымдар діндарлардың ерікті бірлестігі екенін ұмытпаған жөн. Яғни, олар институт ретінде азаматтық қоғамға кіреді. Бұл тақырыпқа қатысты секция жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Вилан Молотов-Лучанский жауапты болды. Бұдан бөлек, жастар қоғамдық ұйымдарының басқа азаматтық қоғам институттарымен әрекеттесу мәселелері бекіністі секцияда талқыланды. Оны «AMANAT» партиясының орталық аппараты саяси жұмыстар департаментінің бас кеңесшісі Бекарыстан Аманжолов жүргізді.

Шара барысында азаматтық белсенді қозғарысы бар бірқатар қатысушылар облыс әкімінің Алғыс хатымен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Мысалы, «Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігі бес жыл бойы медиация институтын дамытып келеді. Оның президенті Света Шандарбекованың айтуынша, ұйымда құқықтық мәселелер бойынша тегін кеңес беретін 40 қызметкер бар. Кәсіби медиаторлар соттармен өзара байланыста, отбасылық жанжалдар мен басқа да дауларды шешуге көмектеседі. Осы және өзге де әлеуметтік бағыттағы жобалар үкіметтік емес ұйымдардың күшімен жүзеге асырылып жатыр. Аймақ басшысы айтқандай, мұндай жобалауға қолдау болады.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Жылу жүйесі қатаң бақылауда



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамы екінші жылу электр орталығындағы (ЖЭО-2) жөндеу жұмыстарының мониторингі жалғасып жатыр. Мұндағы жағдайды қалалық штаб үнемі қадағалап отыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары аясында нысанға барып, кезекті отырыс өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»


Кенеске компания өкілдері, мердігерлер және энергетикалық қадағалау басшылығы қатысты. Аймақ басшысы алдымен жетінші қазандықтың құрылысы және станциядағы жөндеу жұмыстары туралы баяндаманы тыңдады.

ЖЭО-2 директоры Сергей Кривовтың мәлімдеуінше, алдағы жылыту маусымына энергия көзі төрт қазандықпен кіреді. Тағы бір қазандық қазан айының соңына дейін дайын болады деп үде берді компания өкілдері. Сонымен қатар, №4 қазандықты жөндеу кешіктіріліп жатыр. Ол қараша айына дейін аяқталмайды.

жылу желілерін гидравликалық сынау жоспарланып отырғанын хабарлады.

Бұдан бөлек, қала басшысы тұрғын үйлердегі жағдайды да түсіндірді. Теміртауда 1181 көпқабатты үй бар. 256 үй проблемалы деп табылған. Олар өткен маусымда ішкі коммуникацияларды тиісті түрде дайындамағандықтан, соның салдарынан шартты түрде рұқсат алған. Алдағы жылыту маусымына дайындық кезінде барлық ескертулерді жою талап етілді. Қала әкімінің мәліметінше, қазір 140-қа жуық үй бақылауда тұрған көрінеді.

– Барлық шараны қабылдаңыздар, мәселелерді шешіңіздер! Қаламен, жұртшылығымен бірге жұдырықтай жұмылып жұмыс істеңіздер! Өткен жылы



Ермағанбет Бөлекпаев барлық мәселені уақытылы шешуді талап етті. Облыс әкімі жылу желілерінің және әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандар мен тұрғын үйлердің дайындығына ерекше назар аударылатынын айрықша атап айтты.

Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков алдағы күндері жөндеу жұмыстары жүргізілген

станцияның кінәсінен жылу төмен болды. Жылыту маусымын уақытында бастап, қалыпты түрде өз уақытында беруіміз керек. Бұл қала тұрғындары алдындағы ортақ жауапкершілігіміз, – деді Ермағанбет Қабулаулы ЖЭО басшылығына бағыттаған сөзінде.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Қырық шақырым жол жөнделеді

Теміртаудың 12 учаскесінде жол жөнделіп жатыр. Жалпы ұзындығы – 40 шақырым. Жоспардың жартысынан көбі еңсерілген. Жауаптылардың сөзінше, жұмыс уақытында аяқталады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде «Отрадное» шағын ауданында, пионерлік лагерлер бағытында және мұсылмандық зиратқа апаратын, Республика даңғылынан ескек есу базасына дейін, Металлургтер даңғылынан Бауыржан Мо-

рғы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қанат Хасенов.

Сондай-ақ, Теміртауда орам-ішілік жолдар ретке келтіріліп жатыр. Қазіргі уақытта 9-шы шағын ауданда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ұзындығы 11 шақырым болатын «Соцгород» көшелерін жөндеу жұмыстары жалғасуда. Шұңқырлар жама-



мшұлы даңғылына дейінгі жолдарды орташа жөндеу толық аяқталған.

– Мичурин көшесінде де жұмыстар аяқталуда. Онда жол жиектерін нығайту қалды. Асфальттың екі қабаты төселген, құдықтарды көтеру жұмыстары атқарылған, – дейді Теміртау қаласының ТКШ, жолушылар көлігі және автомобиль жолда-

лып, коқыс шығарылып, қиыршық тас төгілді. Тәуелсіздік даңғылында екі қабат асфальт, ал Л.Чайкина көшесінде асфальтбетон төселді.

– Барлық жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін аяқталады. Орташа жөндеу коммуналық желілер жөнделген учаскелерде ғана жүргізіледі, – деп атап өтті Қанат Хасенов.

• «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

Басқарма бұқарамен жүздесті

Министрліктің тапсырысымен Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасында ашық есік күні өтті. Негізгі тақырып – «Мемлекеттік органның қызметімен танысу». 50-ден астам қызығушылық танытқан қала тұрғыны келіп қатысып, алған әсерлерімен бөлісті. Қонақтарға көрсетілген қызмет бағыты екі бөлімнен тұрды. Олар – мәдениет және архив. Бөлім басшылары келген тұрғындардың сұрақтарына тұшымды жауап берді.

Айта кетейік, ашық есік күніне келген қонақтар басқарма басшысы Еркебұлан Жұмакеновке де өз сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, ғимаратқа кіре берісте вокалдық-аспаптық ансамбль музыкалық композицияларды орындап, қонақтарға ерекше көңіл күй сыйлады. Ал, қабырғаларға кеншілер астанасындағы көрнекті орындардың суреттері ілінді.

Аймақта театр, хор және вокал, қолдыра ойнау, хореография, қолданбалы өнер, домбыра сүйемелеуден өз айтуды, вокалдық-аспаптық ансамбль, балға




арналған билер, әуесқой клубтар секілді үйірмелер жұмыс істейді.

Ашық есік күні халықара-

лық сұлулық күнімен тұспа-тұс келді. Түрлі-түсті костюмдердегі сүйкімді, жалынды және жі-

«Қоғам сот төрелігіне белсене араласуы қажет»



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕŪ ÖZGERİSTER

Алқабилер алқасы – сот процесінің ажырамас бөлігі. Сот залындағы айыпталушының тағдырына тікелей әсер етеді және әділ шешім қабылдануына ықпал жасайды. Сонымен қатар, бұл жүйе халықаралық стандартқа сай. Судья соларға сөзсіз құлақ асады. Заң шеңберінен аттаған азаматтың келешегіне барынша гуманистік көзқараспен қарайды. Қазақстанда алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар 2010 жылы құрылған. Оған дейін сот өзі ретпен келген. Қазір алқабилердің мәртебесі қандай, жүктелген міндеттер көбейді ме, жоқ әлде кеміді ме? Осы сауалдарға жауап іздейміз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқабилер құрамы 10 адамнан тұрады. Тағы екі азамат қосалқы құрамға алынады. Алқабилікке жанерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар өтпейді. Бір сөзбен айтқанда, заңды кәсіби менгергендер құрамға енгізілмейді. Сондай-ақ, бұрын істі болған, психикасы бұзылған азаматтар алшақтатылады. Бар талабы осы.

Бүгінде алқабилердің мәртебесі артпаса, кемімеген. Өйткені, алқабилер жүйесі – заманның талабы. «Әділетті Қазақстанға» ауадай қажет. Міндеттері молайып келеді.

Олар осы жылдың 1 қаңтарынан бастап, аса ауыр санатқа жататын қылмыстарды қарастыра бастаған. Яғни, алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы он төрттен отыз беске дейін артты. Осыған дейін өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздейтін істерге ғана араласқан. Ал, 2024 жылдың 1 қаңтарынан ауыр қылмыс санатына кіретін қылмыстарды да қарастырады. Бұл – алқабилердің қарастыруына жататын құқық бұзушылықтардың саны 44-ке дейін ұлғаяды деген сөз.

Мәселен, былтыр облыстың алқабилер алқасы 6 сотқа қатысқан. 1 қаңтарда қабылданған



өзгерістерге байланысты биыл көрсеткіш күрт өскен. Кейінгі 7 айда 19 істі қараған.

Проблема да жоқ емес. Облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың төрағасы Бекзат Маратұлының сөзінше, қазір азаматтардың алқабилікке құлқы жоқ. Оның өзіндік себептері бар.

– Бұған бірнеше фактор бар. Біріншіден – адамдар өзгенің тағдырын шешуде жауапкершілік арқалағысы келмейді. Сонымен қатар, сотталған адамның достары, жақын туыстары қысым көрсетеді деп үрейленеді. Үрейленетін

жөні жоқ. Себебі, алқабилердің жеке бас қауіпсіздігіне кепілдік беріледі, заңмен қорғалады. Соның, көбі жұмыстан қол үзіп қаламыз деп ойлайды. Негізінде, олай емес. Алқабилікке қатысқан уақыты жұмыс өтілі болып есептеледі. Және сол уақыт аралығында жұмыста болмағаны үшін басшылар әлгі азаматты қызметінен босата алмайды. Тіпті, сөгіс жариялауға да құқы жоқ. Алқабилікке қатысудан бас тартқаны үшін азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Алқабилікке қатысуға жұмыстан рұқсат бермегені үшін басшылар да жазаланады. Осы

ны ескеру керек. Алқабилікке қатысқан азаматтарға жалақы төленетіні де айтқым келеді, – деді Бекзат Маратұлы.

Жалпы айтқанда, алқабилердің қоғамдағы мәртебесі жыл сайын артып келеді. Өйткені, «Әділетті Қазақстанды» құру үшін барлық әрекет, амал жасалып жатыр. Халыққа әділ сот керек. Бәрінің көксейтіні – әділдік. Ал, әділдікке жету үшін қоғамның да сот төрелігіне белсенді араласқаны жөн секілді. Бұл – дамыған елдердің тәжірибесінде бар.

жартысы өз мамандығымен жұмыс істемейді. Жұмыс таппайды, тапқаны көңілінен шықпайды. Осындай кезде зиянды заттарға әуестенуі мүмкін. Мұның барлығы бір-бірімен байланысты. Жақында ғана Qalam қоры жастардың әлеуметтік көңіл күйіне, олардың өмір салты, денсаулығы, әдеттері мен бос уақытына қатысты зерттеулер жүргізді.

Соның нәтижесіне қарасақ, сауалнамаға қатысқан

Жолдаудың басты бағыттарын талқылады

АМАНАТ партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы «TALQYLAU» диалог алаңында кезекті отырыс өтті. Жолдауды қолдауға арналған жынға облыстық мәслихат депутаттары, тарихшылар, қоғам белсенділері, облыстық әкімдікке қарасты басқарма басшылары, студенттер қатысты.

– Президенттің бұл жолғы Жолдауының ерекшелігі кез келген кезде халықтың үніне құлақ асатын Үкімет екендігімізді тағы бір мәрте көрсетеді. Біз тіршілік етіп жатқан сәтінде «неден күш аламыз, неден нәр аламыз?» дегенді үнемі ойда ұстауымыз керек. Егер жұтқан ауа, ішкен суымыз таза болмаса, қуат беретін азық-түлігіміз сапасыз болса, қиыншылық туындары



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ –
ЕЛ МҮДДЕСІ

шетелден қайтарылған активтердің ашық болуы және мемлекеттік қорларды біріктіру туралы ұстанымы ұнады. Жолдаудағы



сөзсіз. Тіршіліктің көзі суға байланысты жақсы ойлар айтылды. Электр энергетикасы саласында тапшылықты болдырмау мақсатында АЭС салу жөніндегі пікірді жалпыхалықтық референдум арқылы шешу керектігін айтты. Осының бәрі жаңа министрліктерді құруға себеп болды. Бұл – уақыт талабы, – деді

ерекше қолдау табатын бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы туралы мәселелер. Соның ішінде, өнім өңдеу, оның жұмысын ынталандыру арқылы мол табыс табу, соның нәтижесінде ішкі өнімді көбейте отырып, экспортты нығайту. Ол үшін мемлекет тарапынан ауыл-аймақтағы бизнесті қолдау, ұсақ шаруашылықтарды біріктіру мәселесін шешуді атап көрсету-

• СЕМИНАР

Жастар қоғамнан тыс қалмайды

Кеше Достық үйінде «Жастар аудиториясымен жұмыс істеудің заманауи үрдістері» тақырыбында облыстық семинар өтті. Оған облыс бойынша мәдени-сауық ұйымдарының әдіскерлері, жастармен жұмыс жөніндегі мамандар, әлеуметтік желілермен жұмыс істейтін мамандар қатысты. Жастарды пайдалы іске тарту, бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, қоғамдық өмірге араласуға баулу – айтуға оңай болғанымен, жолын таба білуді талап ететін шаруа. Әйтпесе, «NEET жастары көбейіп барады» деп дабыл қақпас едік.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жастармен жұмыс, талантты жастарды танып, қолдау көрсету – біздің басқарманың басты бағыттарының бірі, – деді құттықтау сөзінде облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов. – Жастар – қоғамның қозғаушы күші, елдің болашағы. Жаңа Қазақстанды құруда жастарға ерекше назар аударып, олардың бастамаларына қолдау білдіру қажет.

Басқарма басшысы «Зерде» мобильдік кешеніне қатысты мәселелерді шешу үшін келер жылы бюджеттен қаражат сұратуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Қолдау жасалса, аудандарда өз кешені болатынын да айтты.

Сонымен қатар, Еркебұлан Қайроллаулы ауылдық мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне Алғыс хат табыстады.

Бұқар жырау ауданы Тұзды ауылының мәдениет үйі қызметкері Сембігүл Құлбекова – марапат иегерлерінің бірі.

– Осы уақытқа дейін ауылдағы мәдениет үйі жалдамалы ғимаратта болды. Биыл ол жөнделіп, басы бүтін бізге берілді. Қазір жөндеу жұмыстары аяқталып қалды, – деген ол жаңалығымен бөлісті. – Режиссер мамандығын бітіргем. Мәдени шараларды балалармен де, жастармен де, үлкен буынмен де өткіземін. Қоғамнан тыс қалма-сын деп үй шаруасындағы аналар-



мен де құрған тобым бар.

Бұдан кейін арнайы шақырылған спикер өнертану кандидаты, театртанушы Амангелді Мұқан «Жастармен жұмыс жасау: тенденция, үдеріс, тәжірибе» тақырыбында әңгіме өрбітті.

– Мәдени-демалыс қызметі былайша айтқанда, бос уақытын түрліше өткізетін адамдарға түрлі формаларды ұсыну. Айттып отырған формалар әрқайсымыздың жеке қалауымыздан, қызығушылықтарымыздан, сондай-ақ, мәдени және зияткерлік

даму деңгейінен туындайды. Мәдени жұмыстар арқылы сіздер әлеуметтік және педагогикалық бағыттағы жұмыстарды да атқарып отырысыздар. Күнделікті жұмыс ретінде көрінгенімен, бұл – жастарды тарту, белгілі бір іске жұмылдыру, баулу арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, – дейді Амангелді Оразбайұлы.

Спикердің айтуынша, жастардың қоғамнан орнын тауып кетуі, яғни, оларды бағдарлау – мемлекет назар аударатын маңызды іс.

– Оқу бітіретін жастардың тең

жастардың 70 пайызы стресс, ұйқысыздық, апатия жағдайында жүргенін көрсеткен. Бұл қорқынышты статистика, – деді Амангелді Мұқан.

Тағы бір спикер СММ тәлімгер, әлеуметтік желіде табыс табу бойынша маман Амилия Позднякова әлеуметтік желі арқылы мәдениет мекемесі маркетингін дамытуға болатынын айтты.

Шара соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.



АМАНАТ партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Жиында бүгінгі таңда атқарылып жатқан істер де сараланды. Арнайы келіп, жастарға өз ойын жеткізген Қарағанды университетінің ұстазы, профессор, тарихшы Нұрсәхан Ахметқызы: – Әділетті Қазақстанның алдағы уақытта қалай дамуының басты бағыттары Президентіміздің Жолдауында жан-жақты талданып, баяндалды. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін саяси реформамен шектелмей, әлеуметтік экономикалық реформаларды іске асыру бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты екенін нақтылап, дәлелдеп көрсетіп берді. Сонымен қатар, өнеркәсіптің өңдеу саласына ерекше көңіл бөліп, креативтік индустрияны дамыту жолындағы кедергілерді жою, осы саланы дамытуға қажетті қолдау, құқықтық жолдарын жетілдіру арқылы оның маңыздылығын жете түсіндіруі ұтымды болды. Президентіміздің Жолдауындағы бағдарламасында халықтың ой-пікірімен санасу биліктердің басты міндеті деген ұстанымына берік екенін осы Жолдауында тағы көрсетті.

Қарапайым адам ретінде маған Президентіміздің елге мен қатар, өнім өткізу саясатын дұрыстау арқылы шетелге шығару керек дегені өте орынды. Бұндай саясаттың тарихи өзегі – был құрылғаннан 175 жыл толып отырған атақты Қоянды жәрмеңкесі. Ол заманда мал өнімдерін тауар ретінде сату, айырбастау барысында ұтылумен қатар мол пайда табудың мектебінің тарихи тағылымы мол еді. Олай болса, тарихтан сабақ алудың да бір мысалы осы Жолдаудан көрінді, – деп атап өтті.

Сонымен қатар, «TALQYLAU» диалог алаңында сөз сөйлеген «Сенімен болашақ» бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының басшысы Индира Токмурзина: «Жолдау – біз үшін стратегиялық құжат. Жолдаудың жүзеге асуына, орындалуына бәріміз, халық болып жауаптымыз. Мемлекет басшысының қоғамдық сананы өзгерту керек дегені құлтарлық. Өйткені, ортақ мүддеге жұмылуымыз тікелей қоғамның санасына байланысты.

«Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс» деді Президент. Олай болса, азамат адал болғанда, біздің мемлекетімізде әділеттілік орнайды», – деді.

Жиында студенттер аға буыннан өз сұрақтарына тұщымды жауап алды.



Дамудың жаңа парадигмасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ал, зауытта дайындалған тірек пен тұғырларды тот баспас үшін ыстық мырыш тотығымен қаптауға Ресейге жіберуімізге тура келеді. Бізде, Талдықорған қаласында бұл іспен шұғылданытын компания бар. Бірақ, шындықты айтуымыз керек, олардың өнімінің сапасы сын көтермейді және бағасы да қымбат. Астанада да осындай бір кәсіпорын болды, мұнда да сол жағдай қайталанғаннан кейін Новосибирск қаласына жүгінуге тура келді. Әзірге сол жаққа өнімдерімізді тасуымыз. Онысыз болмайды, өйткені, мырышпен қапталған өнімді жылдар бойы тот баспайды. Жарты ғасырға дейін кепілдігі тағы бар, – дейді зауыт басышы.

Зауыт Қазақстандағы 3 ірі «Kcell», «Билайн», «Теле 2» ұялы байланыс операторларымен тығыз байланыста. Оларды арнайы тірек жабдықтарымен қамтамасыз етіп отыр.

Саранда зауыт ашылады

Саран қаласында РТИ аумағында «Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС тағы бір зауыт салуда. Ол жерде мырыштау жұмыстары жүргізіледі. Сол уақытта дайын өнімді Ресейге тасымалытын болады.



– Саранда өндіріске арналған алаң бөлінген болатын. Ол арнайы экономикалық аймаққа жатпайтындықтан, индустриалдық орын болғандықтан мемлекет бізге газ, жарық, коммуникацияны тартып беруде. «Бәйтерек» холдингімен қаржылай келісімге отырғаннан кейін зауыт салу басталады. Осы айдың аяғында құрылыс бастай-

мыз деп отырмыз. Келесі жылдың ортасында өзіміздің ыстық мырыштау орталығымыз болады деген ниеттеміз. Мырышты біз қазақстандық өнім өндіруші «КазЦинк» аламыз.

Соның арқасында келесі жылы 100 пайыз өз еліміздің шикізатымен өндірісті қамтимыз, – дегенді кесті Александр Викторович.

Флагшток тұғыры – зауыт өнімі

Қалаларда, аудан орталықтарында халықтың рухын асқататып тұрған, мемлекетіміздің басты рәміздерінің бірі – Ту желбіреп тұр. Осы флагштоктардың тұғыры – зауыттың өнімі. Бүгінгі күні 30-ға тарта елді мекенде орнатылған.

Сонымен қатар, Астана, Бұрабай, Шортандыдағы тасқол

бойындағы жарықтандыру бағандарының тіректері – зауыттың алғашқы ірі жобасы. Қарағанды қаласындағы орталық баққа жарық шашып тұрған шамдардың 70 пайызы осы серіктестікке тиесілі.

– Біздің зауытта 120 адам жұмыс істейді. Дегенмен, басқа кәсіпорындардағыдай бізде де кадр жетіспеушілігі бар. Әрдайым мемлекеттік «Еңбек» сайтына бос орындарды ұсынып келеміз. Иә, жұмыс істеймін деп келушілер көп, орнығып қалушы жоқ десек те болады. Мысалы, соңғы екі-үш жылда еңбекке араласам деген ниетпен 100-ге тарта адам келді. Оның 2-суі бізде қалды. Қалғанына жұмыс ұнамады немесе айлық аз дейді. Негізі, біз статистикаға қарап отырып, орташа жалақыны қоямыз. Қанша техникүм бітіріп келдім деген маманның өзі бірден өз ісін алып кете алмайды. Сондықтан оқытамыз, үйретеміз. Жастар бірден креслоға жайғасып, бастық болсам дейді. Олай болмайды ғой, – дейді Александр Ларионов.

Өнімдерінің сапалылығы арқасында энергетикалық нарықтағы көшбасшы компаниялардың біріне айналған «Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС-нің басышы Александр Викторович бәсекелестік біздің нарық үшін өте керек екендігін айтады. «Бәсеке бар жерде бизнес те жүреді. Өйткені, сен, олардан оза шабуың үшін сапаға да, санға да мән бересің. Тұтынушының үдесінен шығу үшін жарысқа түсесің. Кім алда, сол қашанда биікте болады», – дейді ол.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

• БРИФИНГ

Тұмаудан сақтан, екпе ал

Бүгінгі таңда облыста тұмауға қарсы вакцинаның 173 000 дозасы сатып алынған. Бұл облыстың халқының шамамен 15%-ын иммундауға мүмкіндік бермек. Тұмауға қарсы вакцинациялау шаралары қазір жүріп жатыр. Бұл жайлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім болды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спикер облыстың денсаулық сақтау басқармасының қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің басышы Нұркен Түкеевтің айтуынша, вакцинация бірінші кезекте диспансерлік есепте тұрған немесе жас ерекшеліктеріне байланысты иммунитеті төмендеген адамдарға, жүкті әйелдерге, 60 жастан асқан қарттарға жасалады. Бұл қатарға қызмет түріне байланысты вирус жұқтыру қаупі жоғары адамдар, яғни, медицина қызметкерлері, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың, қарттар үйлерінің қызметкерлері де кіреді.

– 2019 жылдан бастап, халықты тұмауға қарсы иммундау үшін ресейлік «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылып келеді. Оның құрамында А және В тұмауының үш штамы бар. Вакцинация негізгі профилактикалық шараларға жатады. Дегенмен, ол тек тұмау вирустарынан қорғап, жедел респираторлық ауруларды тудыратын басқа вирустардан қорғайтын естен шығармау керек, – деді Нұркен Түкеев.

Тұмау пневмония, миокардит, перикардит, жүрек жеткіліксіздігі, синусит және гайморит, бүйрек ауруларының, менингит, энцефалит сияқты аурулардың асқынуды туғызуы мүмкін. Тұмау, әсіресе, жүктілікке иммундық жүйеге әсер етеді.

Бұл ретте спикер тұмаудан өз бетінше емделуге болмайтын есе салды.

– Егер тамақ ауырып немесе қызу көтерілсе, тез арада медициналық көмекке жүгінген жөн. Тұмаудың салдары ауыр болуы мүмкін, – деді спикер.

• РЕСМИ

Қарағанды агломерациясы назарда


Қарағанды агломерациясын дамытудың 2028 жылға дейінгі Кешенді жоспарына енгізу бағытында жеке хәм заңды тұлғалардан ұсыныс қабылдау басталды. Қарағанды және Қарағанды облысының тұрғындарынан өз ұсынысын 2023 жылдың 10 қазанына дейін Қарағанды облысының экономика басқармасы қолма-қол немесе 5075502@krg.gov.kz. электрондық мекенжай бойынша жіберуге болады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олар экономиканы дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін (азық-түлік белдеуі, ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс индустриясы, рекреация, логистика және т.б.), сондай-ақ ұсынылған қаржыландыру көздерін, іс-шараларды іске асыру мерзімдерін көрсетумен қатар, инженерлік-көлік және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды қоса бере отырып, қысқаша

тұжырымдалуы тиіс.

Қарағанды агломерациясының құрамына Қарағанды, Абай, Саран, Шахтинск, Теміртау қалалары және Абай, Бұқар жырау, Осакаров аудандарының 28 елді мекені (Ақтау, Актас, Шахан, Долинка, Новодолинский, Қарабас, Топар, Құрма, Жұмабек, Дубовка, Көкпекті, Байқадам, Сарытөбе, Үштөбе, Сарыарқа, Құрылыс, Сокурское, Новостройка, Тоғызқұдық, Тасшоқы, Қарақұдық, Доскей, Трудовое, Новоузенка, Стан, Севан, Петровка, Қаратомар) кіреді.



Жеке және заңды тұлғалардан ұсыныс жинау «Агломерацияларды дамыту туралы» ҚР Заңының

13-бабының 3-тармағына сәйкес жарияланған.

Толығырақ ақпаратты алу

үшін (8-7212) 50-35-85, 50-35-86 байланыс телефондарына хабарласу қажет.

Ет бағасы елді аландатады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Асыл тұқымды малдың еті де асыл ма?

Осынша өсім шаруа қожалықтарының еңбегі көрінеді. Олар қазіргі таңда мал басын асылдандырып жатыр. Бұған арнайы селекцияның ықпалы өте зор. Мамандардың айтуынша, қой, жылқы мен сиырға асыл тұқымды аталық қосып, оның тұқымын жақсартуға болады. Ол болса, өзінің өнімдік сапасын арттыра түседі.

Мысалы, 20-25 бас қазақы қой немесе сиырға 1 бас аталық қосып, бір жылғы өнімін, яғни, төлін пұлдауға болады. Онымен қоса, осылай туылған әр төл басына Үкіметтен 10 мың теңге көлемінде субсидия беріледі. Осының нәтижесінде жергілікті ет өнімдерінің бағасы едәуір өсті. Себебі, еттің сапасы бұрынғыдан да жақсарды.

Мәселен, бұрын тайыншаның салмағы 100 келі тартса, қазір селекцияның күшімен бір жасар тайыншалар 150-160 келіге дейін салмақ басады екен. Елде ет өнімі жоғары сұранысқа ие екені баршаға мәлім. Сырым Бошпановтың айтуынша, осы күні құс, сиыр мен шошқа еті бұқара арасында өтімді.

– Қала болған соң барлығы бірдей жылқы мен қой етін шашта төк жей бермейді. Әркім қалта-



сына қарай сауда жасайды. Көбіне елдің тұтынатыны – құс еті. Бұдан соң қой мен сиыр еті. Ал, жылқы етін сирек алады. Оған себеп оның қымбаттығы. Жылқыға жұрттың жүгінетіні дәстүрге сай тек қонақ күткенде ғана десек, артық айтқандық емес. Онда да тұтынушылар қазы мен қарта, жал-жая сұрайды. Біз қазір жылқы етінің келісін 2800 теңгеден қабылдап, оны 3500 теңгеге сатамыз. Қарап отырсаңыз, екі баға – екі түрлі. Неге? Өйткені қалада тұтынушы көп және олар ауылдағы ағайын секілді жылда соғым соймайды. Жа-

лақысы бір түскенде соған қарық болып шөкімдеп, қымбат болса да, жылқы етін алады. Бұл олардың қалтасын қақты демес едім. Алушы саны көп. Олардың әрқайсысы аз мөлшерден алады. Бізге де тауар айналымына көп септігін тигізеді бұл жүйе, – дейді ет сатушы Айман Асабуева.

Баға бағамына кім кінәлі?

Қызылсыраған қазақ қашан да етсіз отырмайды. Алайда, етті көп алысып, аз алысып, бағаның да өз жөн-жосығы болғаны дұрыс көрі-

неді. Баға бағамының жүйесіздігіне делдал кінәлі секілді. Сатушы мен сатып алушы арасында алтын көпір болатын да осылар. Десек те, делдалсыз сатушы тұтынушыны бірден таба алмайды. Себебі көп сатушының бірі – ауылдағы қарапайым шаруа.

Сырым Бейсебайұлының айтуынша, ет бағасының бір қалыпты болуын жақсарту үшін тек қана ауыл шаруашылығы өнімдері сатылатын жәрмеңкелер көптеп ұйымдастырылуы тиіс. Міне, сонда сатушы мен тұтынушы арасында тікелей байланыс орнайды. Бұл екі жаққа да тиімді шешім сияқты.

• ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

«Назар аударыңыз, балалар!»

Қарағанды облысында «Назар аударыңыз, балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Автошеруге 250-ден астам бала қатысып, 600 жадынама мен буклет таратылды.

Шара аясында «Нұра-Осакаровка-Теміртау-Қарқаралы-Ботакара-Ақсу-Аюлы-Балқаш-Приозерск» бағыты бойынша автошеру өткізілді. Бұл балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған. Автошерудің ұзындығы 1 500 шақырымнан асты.

Автожанармай құю стансаларында, дүкендерде, қала маңындағы кафелерде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жапсырмалар желімделді.

Балалар Қарағанды облысы

полиция департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, жүргізушілермен профилактикалық әңгімелер өткізді, жол қауіпсіздігі ережесін сақтау бойынша өз суреттерін сыйға тартты.

Аудио үгіт барлық елді мекендерде маршрут бойынша жүргізілді.

Автошеруді өткізуге арнайы мақсаттағы 33 автокөлік және Қызыл Жарты Ай қоғамының өкілі жұмылдырылды.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ



• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Азат АЛТЫНБЕКОВ:

«Төрт тілдің арқасында әлемнің төрт бұрышын аралап келгендеймін»

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі – саясатымыздың стратегиялық бағыты екенін айта келіп, «Бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі» деген болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы өз сөзінде үнемі жастарға қолдау білдіретінін айтып, олардың көп тіл білген сайын бәсекеге қабілетті, білікті маман болатынына сенім білдіреді.

Көп тіл білетін полиглот жастар еліміздің әр аймағынан табылады. Мәселен, бірнеше тіл меңгерген қарағандылық Азат Алтынбеков осындай азаматтардың қатарында. Ол небары 23 жасында Бөкетов университетіне докторантураға түсіп, Қазақстандағы ең жас докторант атанды.

Көп тіл білетін жастың жеткен жетістігі мен тіл үйренудегі талпынысы өзгелерге үлгі. Осыны мақсат етіп, полиглот Азат Алтынбековпен сұхбат құрғанды жөн көрдік.

– Азат, сізді көпшілігі бірнеше тіл білетін ең жас докторант деп таныды. Алда қандай жоспарларыңыз бар? Докторантураны бітірген соң немен айналысасыз?

– Докторантурадан кейін университетте оқытушылық қызметпен айналысуды ойлаймын. Бакалавриат студенттері үшін лингвистика саласындағы (когнитивті, қолданбалы) пәндерді жүргізгім келеді. Өйткені бұл пәндер қызық әрі күрделі. Өз әдістемемді қолдана отырып, білім алушыларға пәндерді толық меңгертуге барымды саламын деп ойлаймын.

Әрине, дәл қазір мүмкіндік беріле қоймайды. Дегенмен, осы бағытта өзімді-өзім жетілдіре түсудемін.

– Неше тіл білесіз? Тілдерді үйренуге қызығушылық қалай қалыптасты?

– Тіл үйренуге деген құштарлық тек 10-сынып оқып жүргенімде қалыптасты. Отбасым орыс тілінде сөйлейтін болғандықтан, мен де осы тілді ғана білдім. Мектепті бітіріп, қай жерге оқуға түсетінімді, қайда тапсыратынымды ойлана бастадым. Бір күні анам екеуміз көшеде серуендеп жүріп, тілдік курстардың жарнамасын көріп қалдық. Ол мені бірден сонда апарып, курсқа жаздырды. Бастапқыда бұл шешімге күмәнмен қарап, тіл үйренуге қызығушылығым мүлдем болмады. Курсқа анам сүйреп апаратын. Кейін ағылшын тілін үйренуде жетістіктерге жете бастадым, қызығушылық та қалыптасты. Тілді меңгеру маған өте оңай болды. ҰБТ-дан ойдағыдай балл жинап, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шет тілдері факультетіне оқуға түстім.

Қазір орыс, ағылшын, итальян және өз тілім – қазақ тілін меңгергенімді сенімді түрде айта аламын. Қазақ тілін түсінемін, бірақ сөйлеу мен сөйлем құрауда қиындықтар кездеседі. Неміс және француз тілдерін білемін, бірақ еркін меңгермедім. Тіл меңгеру мен оны білу – екеуі екі бөлек нәрсе. Тілдердің грамматикасын біліп, бірнеше сөз тіркестерін құрай алғаныммен, тілді қолданбаймын.

Орта сыныпта сыныптастарымның алдында ағылшын тілін жақсы білетіндей кейіп танытатынымын. Неміс тілін оқып жүргенде де, сол тәжірибені қолдануды



үйғардым. Қатарластарымды тілді жақсы білетініме сендірдім, сөйтіп, олар менен көмек сұрай бастады. Абыройдан жұрдай болмау үшін, әрі сауатымды арттыру үшін өз-өзімді қамшылап, тілді тереңірек білуге күш салдым. Бұл да үлкен мотивация болды.

Бір тілге деген құштарлық екінші тілді үйренуге әкеледі. Осыны тілдер маған «өз аяғымен келді» десем де болады. Оқу оқып жүргенімде итальян тілі бойынша қосымша дәріс өтетін болды. Оған тобымызбен жазылдық. Алғаш 150 студент болып тіркелген тіл үйрену сабағының соңында жалғыз өзім ғана қалдым. Әлі күнге дейін итальян тілімен айналысамын, хат алмасамын, онлайн сабақтарға қатысамын. Өткен жазда итальяндық кәсіпкерлерге жергілікті кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізуге көмектестім. Шетелдік қонақтарға аудармашы ретінде қызмет етемін.

Қазір кәріс тілін үйреніп жүрмін.

– Көп білудің арқасында қандай

жетістікке жеттіңіз? Бірнеше тіл білгеннің пайдасы қандай?

– Ең пайдасы – өзің білетін тілдерде әлемді кең ауқымда қабылдауға мүмкіндік бар. Телефонды толық итальян тіліне ауыстырдым. Instagram желісінде жаңалықтар мен жазбалар қазақ, орыс, ағылшын, итальян тілдерінде шығады. Осылайша, төрт тілдің арқасында әлемнің төрт бұрышын аралап келгендей боламын.

Табысқа келер болсақ, тілді ешқашан белгілі бір мақсатқа жету үшін үйренген жоқпын. Менің шетелге кетуге немесе Қазақстандағы шетелдік компанияда жұмыс істеуге ниетім жоқ. Өз Отанымда қалып, елдің дамуына үлес қосқанды жөн көремін.

Елордалық жоғары оқу орны оқуға шақырды, бірақ Қарағандыдан алыс кеткім келмейді. Өйткені, мұнда менің барлық туыстарым мен достарым бар. Ал Альма-матер маған мансап құруға мүмкіндік береді.

Тілдерді білу және меңгеру қашан да пайда әкеледі. Көп тіл білудің артықшылықтары да көп. Шешімін таппай тұрған түйін әрқашан өз пайдана шешіледі.

– Замандастарыңызға тіл меңгеруге не келергі деп ойлайсыз?

– Қазір тіл үйренуге барлық жол ашық. Ең бастысы – тілек пен ниет. Ал жалғыз мәселе – бейімділіктің болмауы. Ағылшын тілі курстарына анам сүйреп апарғаны жоғарыда айттым. Мектеп бітіргенде, тілді өте жақсы меңгеріп шықтым. Менің туыстарым да, мен де мұны жай генетика, талант деп санаймыз. Бірақ генетика болмаса да, қажырлы еңбек пен тілек арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Қажырлы еңбек талантты жеңеді.

Тіл үйренуде өзіңнің әдісің бар. Жаңа сөздерді жаттап, есте сақтау қиын. Себебі,

құралы – музыка. Қазіргі заманауи жас әншілердің орындауында ырғақпен үйлескен қазақ сөздерін тыңдау да тіл үйренуге ықпал етті.

Қазір достарым «қазақ тілінде сөйлеуің бұрынғыдай емес, бірақ әлі сенімің сөйлейсің» дейді. Мен не айтқым келетінін білсем де, адасып кетемін. Өз елінде, өз жерінде отандастарыңнан бейсаналы түрде сын айтылып жатады. Осыған дейін менің докторант мәртебем қызу талқыланды еді. Суреттен көріп, жас «балаға» осындай жоғары дәрежеге бірден қол жеткізу мүмкін емес дейтіндер табылды. Бірақ, осының бәрі қандай қиындықпен, қаншама еңбекпен келетінін көпшілік біле бермейді.

Менің ата-анамның екеуі де көзінен I топтағы мүгедек жандар. Олар өз күшімен тірнектеп жинағанын жалғыз ұлының болашағына арнап, инвестиция салды. Нәтижесі, міне, өзім. Ата-аналардың ақыл-ойы мен тәрбиесі арқасында рухани және қолданбалы «инвестицияларын» пайдаланып, өзін-өзі жасаған нағыз адам болуға деген ұмтылысы мені қазіргі деңгейге жеткізді. Мен ата-анамның үмітін ақтаймын деп, оқудың қиындығына мойымадым. Күйзелістен жиі ауырып қалатын болдым. Оқу оқим деп небір қиын жұмысты да істедім. Жалпы, жетістікке жету оңайлықпен келмейді, тек қана еңбектің арқасында жоғары нәтижеге қол жеткізе аласың.

Қазірдің өзінде диссертациямен жұмыс істегенде күйзеліс пен уайымнан ауырып қалатын кездерім де жиі. Өйткені, менің тақырыбым жаналыққа тән, бұл тақырып бойынша ақпарат пен ғылыми әдебиеттер өте аз. Десе де, мен таңдаған жол оңай емес. Менен бұрын миллиондаған басқа ғалымдар бөлшектеген нәрсені зерттегім келмейді. Шынымы айтсам, мұнда қажырлы еңбектің әлеуеті ашылады. Мен қол жеткізген жетістік талант пен сәттіліктің, шынайы ұмтылыс пен сенімнің арқасында.

– Жігітке жеті өнер де аз. Өн жазатын өнеріңіз де бар екен...

– Өн жазатын қабілетім бар. Мен өз әндерімнің авторы және орындаушысы болғандықтан, қалалық іс-шараларда өнер көрсетемін. Мен «Creative Vibe Media» қоғамдық бірлестігінің директорымын. Біз бұқаралық шараларды ұйымдастырумен айналысамыз. Сарыарқада шығармашылық қоғамдық кеңістікті дамыту, қаланың қоғамдық өмірін әртарапандыру және жас әртістерге өз жолын және тыңдаушысын табуға көмектесуді мақсат етеміз.

Біз сондай-ақ көпше музыканттары мәселесін назарда ұстаймыз. Ішкі істер органдарының көмегімен көпше музыканттардың құқықтық секторға енгізе алдық және оларға белгілі бір алаңдарда (орталық саябақ, «Цум» сауда үйі және т.б.) ойнауға рұқсат етілді.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Aleumet» қосымшасы іске қосылды



Елімізде мүгедектігі бар жандарға қызмет көрсету үшін жаңа қосымша әзірленді. «Aleumet» деп аталатын қосымша көмегімен мүгедектігі бар адамдар оналтудың жеке бағдарламаларына сәйкес оналтудың техникалық компенсаторлық құралдарына тапсырыс бере алады. Бұл «Әлеуметтік қызметтер порталы» функционалының қолжетімділігін арттыру үшін іске қосылған.

медициналық-әлеуметтік мекемелер (бөлімшелер), 482 оналтудың техникалық құралдарын жеткізушілер, 27 мыңнан астам жеке көмекші, 703 ымдау тілі маманы және 104 санаторлық-курорттық

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, қосымша толығымен тегін қызмет көрсетеді және оны «App Store» немесе «Play Market»-тен жүктеп алуға болады.

«Болашақта бұл қосымшаның функционалдығы кеңейеді, мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын басқа қызметтерге тапсырыс беру мүмкіндігі пайда болмақ. Оларға санаторлық-курорттық емдеу, ымдау тілі маманы, жеке көмекші және басқа да арнайы әлеуметтік қызметтер қосылады», – делінген хабарламада.

Жыл басынан бері мүгедектігі бар адамдар «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы 377 мыңнан астам қызмет алған, олардың басым бөлігі – оналтудың техникалық құралдары.

«Портал мүгедектігі бар адамдарға оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндіруші мен жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін



қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оналтудың техникалық құралдарын жеткізіп беру мүмкіндігімен қатар, тапсырыс иесі өзі де алып кете алады», деп хабарланды министрлік сайтында.

Бүгінгі күні Әлеуметтік қызметтер порталында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 859

емдеу қызметін беруші тіркелген. Айта кетейік, «Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспар аясында іске қосылған.

Порталды пайдалану бойынша 1414 бірыңғай байланыс нөмірі арқылы кеңес алуға болады.

• ЖОБА

Кітапқұмарлар қатары көбейеді

Біз алғаш мектепке барып, әріп танығаннан бастап, кітаппен көзін ашқан ұрпақпыз. Бірақ бүгінгі буын өзіне керек мәлімет пен ақпараттың бәрін интернеттен алып, кітап бетін ашуды қойғалы қашан. Соған байланысты елімізде қабылданған «Оқитын ұлт» жобасы кітапхана мен оқырмандар арасында алтын көпір орнатып, кітап оқушылардың қатарын күннен-күнге көбейтуді көздейді. Жақында басталған республикалық «Kıtap taim» фестивалінің мақсаты да осы.

кітаптар» акциясы мен «Өлеңді жалғастыр» ойыны ұйымдастырылды.

«Ақын деген пендемің» алаңында ботақаралық жас ақын Айтуар Бекежанов Міржақып Дулатовтың ізмен жазылған «Оян, қазақ!» өлеңін шабыттана оқыса, «Балалықтан – даналыққа» ұлттық тәрбие алаңында шараға келіп, қатысушылар облыстық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері, саятшы Асқар Айтбековтің «Қандықоз» атты бүркіттің өлеңін оқып, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Мені ойла» ән орындады.

Ал «Қолтаңбасы кітаптар» алаңында жынға қатысушылар жерлес қаламгерлерінің қолтаңбасы қойылған кітаптар көрмесін көріп, елуге тарта оқырман биік-сауалнамаға қатысып, сыйлықтар алды.

«Келіңіз, бірге үйренейік» алаңында әр ауылдан келген кітапханашылар шеберлік сағаттары өткізді. Атап айтқанда, кесте тігудің шебері Нұргүл Умышбаева, Қарақұдық ауылының кітапханашысы Гүлнаш Дүйсембианың тағы басқаларының өнері тәнті қылды.

«Туған өлке – тұнған тарих» алаңында өлке тарихы мен биылғы мерейтой иелері жерлес ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттар мен әдебиеттер көрмесі көпшілікке ұсынылып, «Тәтті

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған фестиваль аясында Бұқар жырау ауданының Мәдениет үйінде өткен «Кітап оқу – рухани әлемге бастар жол» атты қызғылықты шара кітапқұмар қауымның басын қосты. Олар әуелі Мәдениет үйінің фойесінде аудандық орталықтандырылған кітапхана мен «Qasym» баспа үйі ұйымдастырған көрме-жәрмеңкені тамашалап, өздеріне ұнаған кітаптарды сатып алды.

Салтанатты шара одан әрі үлкен залда түрлі-түсті кітаптардың жарнамалық шеруімен жалғасып, 9 тақырыптық алаң маңайында өтті. Оны ұйымдастырып, жүргізген кітапхана әдіскері Майгүл Асқарова жиналғандарға бұл шараның тарихы мен мақсаты туралы ақпарат беріп, әр алаңмен таныстырды.

Сол алаңдардың бірі «Дарындар әлемінде» мәдениет саласындағы 40 жылдық ең-

бегінің 20 жылын Досқей ауылдық кітапханасына арнаған ақын, әуесқой сазгер, әнші Дариға Мәлілова өзінің «Бабалар сөзі» өлеңін оқып, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Мені ойла» ән орындады.

Ал «Қолтаңбасы кітаптар» алаңында жынға қатысушылар жерлес қаламгерлерінің қолтаңбасы қойылған кітаптар көрмесін көріп, елуге тарта оқырман биік-сауалнамаға қатысып, сыйлықтар алды.

«Келіңіз, бірге үйренейік» алаңында әр ауылдан келген кітапханашылар шеберлік сағаттары өткізді. Атап айтқанда, кесте тігудің шебері Нұргүл Умышбаева, Қарақұдық ауылының кітапханашысы Гүлнаш Дүйсембианың тағы басқаларының өнері тәнті қылды.

«Туған өлке – тұнған тарих» алаңында өлке тарихы мен биылғы мерейтой иелері жерлес ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттар мен әдебиеттер көрмесі көпшілікке ұсынылып, «Тәтті

Бұқар жырау ауданы



• ТАНЫМ

Құнанбай мешітінің мәртебесі нақында

Біздің ел-күнде* мешіт салу ісі ақ патшаның 1782 жылғы жарлығынан бастау алады. Метрополияның заңына сай салынуға жататын алғашқы төрт мешіттің бірінің орны ретінде Петропавл бекінісі таңдалынып алынған. Ойткені бұл бекіністе қазақтар Еділ аймағы және Орта Азия көпестерімен айырбас сауда жүргізетін. 1792 жылы басталған тас мешітке найзағай түскен соң, мұсылмандар оны жаман ырымға балап, құрылыстың аяқталуын қаламай, оның орнына көпестердің қаржысына үш ағаш мешіт салып алады.

Империялық саясат өзінен әлсіз көршілерін өз ыркына көндіру, жат заңына бағындыру үшін мылтық пен зеңбірекпен қатар, дін мен сауда ісін ұтымды пайдалана білді. Пайда, табыс таппақ көпестер де сауда ісін қазақ даласында өрістету үшін қажетті саналған мешіт салу ісінде патша кеңесінен қалыспаған. Сол замандағы көп көпестің бірі М.Усманов 1847 жылы өз қаражатына Семей қаласында ағаш мешіт салу үшін Уфа қаласындағы Орынбор діни кеңесінен рұқсат сұрап хат жолдапты. Ойткені қазақ мұсылмандары империяның 1788 жылғы жарлығының 1141-бабына сәйкес құрылған мұсылмандардың діни басқармасының орынборлық округіне қарайтын. Патша жарлығының 1146-бабы бойынша жергілікті мешіттер мұсылмандардың азаматтық хал актілерін тіркеп отыруға міндеттелген. Өлкетанушы Е.Мұстафин 1852 жылдан бастап Уфадағы округтік басқармаға жолданып отырған метрикалық актілер ішінен 1852 жылдың 21 желтоқсанында Құнанбайдың Ұлжанның туған ұлы Оспан туралы Қарқаралы мешітінің метрикасын кездестіреді. Уфадан Құнанбай ұлының туу метрикасын тапқан өлкетанушы Е.Мұстафин Абайдың інісі Оспанның Қарқаралыда дүниеге келуі мүмкін деген пікір білдіріп отыр. Зерттеуші Е.Мұстафин архивтен табылған Оспанның метрикасына абайтаныштылар қызығушылық танытар деп ойлайды. Орнымен айтылған білімді сөз. Білімдіден шыққан сөзді түзу түсініп, дұрыс ұғуға талаптану керек.

Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешіті жайлы баянымыздың алғы сөзін біз қажының ұрпағы Абайдың сөзімен бастайық деп отырмыз. Ойткені Абайдың сөзі Қарқаралы мешітінің ашылу себебіне аластырмай тура жол тауып берер дерек. Абай «Жиырма бесінші» сөзінде айтады: «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулахарап*, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек». Абай қолданған «Дарулахарап» – араб сөзі, мағынасы «соғьса, қауіпті, бүлінген, соғьс майданы». Қай заманда болмасын империя төңірегі соғьс аймағына айналған соң бодан жұрттың соғьсқа жарарлық адамы метрополияның әскеріне қосылуы тиіс-тін. Әлсіз елдің өз ыркы өз қолынан кеткен соң әлдің әлегіне көнуге мәжбүр. Көрші империя Батыс Сібірді басып алғалы қазақ даласын отарламақ ниетпен шекарада әскери бекіністер шебін құра бастайды. Бұл шептердің бойына орыс казактары қоныстанып, олардың станицалары, слободкалары пайда болған. 1742 жылы 20 мамырда Сенатының шекаралық өңірдегі бекіністерді қорғау жайында жарлығынан бері шекара шебінде қазақ слободкаларының саны молая түсті. Қазақ станицаларында қазақ сословиасына жататын мұсылмандар да болған. Ол туралы 1856 жылы қабылданған заң нормасынан анықтайды. Империяның Заңдар Жинағының XI томының 1-бөлігінің 5-кітабындағы 1251-бабында Сібірлік Лиейное казачье войскасына қарайтын слободкалардағы мешіттер саны 1831 жылғы заңының 1205-бабында бекітілген нормасынан аспасын, ал басы артық мешіттер бірден жабылмасын, ескірген кезде істен шығарылуын дегенін. Патша басында қазақ әскери сословиасына көп ұлттың, әртүрлі діни конфессиялардың өкілдерін де тартуға, олардың діни-нағымдарын сақтауға мүдделі болған. Казактар әскери қызметке өз қару-жарағымен, киім-кешегімен, азық-түлігімен, өз атымен шығатын болған соң күмет оларға қосымша табыс табуға мүмкіндік беру үшін қазақ даласымен айырбас сауда-саттық жасауға, сауда керуендерінде күзетші болуға рұқсат берген. Керуен жолдары Тобықты елін де айналып өтпеген, саудагерлерді күзеткен мұсылман-казактары шыңғыр балақ, шұбар төс Ырғызбай ауылының сыйлы қонағы болған сынайды. Олай деуге ғылыми айналымға түскен мәліметтер итермелейді.

Архивтік деректер Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың інісі Жортар Ырғызбайдың әскери старшина атағын 1818 жылы осы корпустың басшысы генерал-лейтенант Г.Глазенаптың қолынан алғанын паш етеді. Жортарға әскери старшина атағын метрополияға айрықша сінген еңбегі үшін берілгені сөзсіз. Сібірлік казактар әскері 1815 жылдан Сібірдегі ерекше әскери корпусына қарай бастаған. Глазенаптан әскери атақ алу үшін Жортар Сібірлік казактар әскерінің құрамында біраз жылдар еңбек етуі тиіс-тін. Империя қазақ даласында өздерінің адамдары, мешіттері арқылы «отарлаушылық мұсылмандықты» енгізуге мүдделі болған. Ойткені, метрополия Жібек жолымен



небір сауда керуендері араб, парсы тілі мен дінін емін-еркін енгізіп, қазақты бауырына басып алмақ ойынан хабарлар болатын. Қазақ жерін Орта Азияға апарар қақпаның кілті деп санаған патша қырдағы дін ісін де өз ықпалында ұстауға тырысып баққан. Сол себептен, 1847 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы П.Горчаков Қарқаралы округтік приказна округ орталығында ағаш мешітін салуға рұқсат еткен. Абайдың «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулахарап*, мұнда әуелі мал табу

сы Алдаберген Еділбаев Қарқаралы қонысында жекеменшік ағаш үй салуға рұқсат алады. Болыс А.Еділбаев жай адам емес, ол – аға сұлтан Құнанбайдың құласы. Құнанбайдың Күнкеден туған ұлкен ұлы Құдайбердінің қайын атасы. 1858 жылы туған ақын, ойшыл Шөкәрім Құдайбердіевтің нағашы атасы. Омбы архивіндегі Құнанбайға қатысты істе – 1855 жылдар аралығында Қарқаралыда Құнанбайдың жекеменшігінде ағаш үй болғаны туралы ресми дерек бар.

Расында да, 1822 жылғы «Сібір казактарын басқару туралы» жарлық бой-

Қарқаралы қазағының округ орталығында салынған ағаш мешітті Құнанбай қажы мешіті деп атап кетуінің заңды негізі бар. 1850 жылы шекара бастығына жазған хатында аға сұлтан Құнанбай былтыр мешіт құрылысына жиналған қоғамдық қаражатқа салынатын мешітті ендігі жерде өзінің жеке қарауына алуға нақты шешім еткенін жазады. Құнанбай үкіметтен мешіт пен медресеге қажетті жерді анықтап беруді өтіне отыруымен бірге кәсіби құрылысшыларды да өзі іздеп тауып беріп отырған. Орынбордағы Құнанбай ісінде Шыңғыс болысының

қазағы Қаржан Боранқұловтың жауабы тіркелген. Оның айтуы бойынша, 1850 жылдың күзінде Майбасар Өскенбаевтың ауылына заседатель Лагунов келгендегі оқиғалардан бейхабар болған. Ойткені ол татар Баймұратты Қарқаралыға мешіт салуға апарып тастап, ауылға Лагунов кетейін деп жатқанда оралған. Яғни, мешітке қажетті құрылысшы маманды Құнанбай тауып беріп отыр. Патша заңдары бойынша Орынбор мұсылман кеңесінің басшыларының ішкі істер министрінің ұсынысымен патша бекітетін. Сол себептен, бұл діни кеңесте империя үстемдігін жүргізетін мемлекеттік институттардың бірі болатын. Архив деректеріне сай Қарқаралыдағы мешіт орынборлық мұсылман кеңесіне қарамапты. Олай болу себебі, мешіт Қарқаралы казактарының қаржысына салынып, аға сұлтан Құнанбайдың қамқорлығында болған соң үкімет оны халық меншігі, халық игілігі, халықтық меншік мәртебесіне ие гибадат орны деп таныған. Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған «Қарқаралы қонысында мұсылман мешітін салу туралы» Құнанбайдың 1850 жылдың 28 қаңтарында жазған хатында қазақ мүддесіне сай келетін маңызды ой-пікірлер айтылыпты. (374 қор, 1-тізбе, 3104 іс. 20-21 бет.)

Құнанбай мешіт құрылысы үшін Семей жолы бойынан қазақ станицасынан алысырақ, казактардың жеке мекені болуға лайық жер сұраған. Татарларға жеке слобода құруға рұқсат етілсе, олармен сыбай қонған казактар да сауда-саттық ісіне үйір болар. Қазақтың ауқаттылары империя жеріне еніп, әрі қарай жәрмеңкелерге

1849 жылы аға сұлтандыққа тағайындалған Құнанбай өз хатында мешіт салуға бөлінген жердің қолайсыздығын тілге тиек ете отырып, оның мешіт жанында имамның үйі мен ұл балаларды оқытатын мектеп ғимаратына таршылық ететінін атап көрсеткен. Құнанбайдың мешіт құрылысына нақындағы хатында бірінші кезекте балаларды білім-ғылымға баулуға қажетті, міндетті түрде салынуға тиісті оқу орнына жер керек деген. Хаттың осы жолдарынан Құнанбайдың білім беретін мектепсіз мешітке жол жоқ деген пайымдауын таныйсыз.

керек, онан соң араб, парсы керек» деген сөзі сол кездегі саяси-құқықтық жағдайды суреттеп отыр. Құнанбайдың өзінің ұлы Абайды Семейдегі Ахмет Риза мешіті жанындағы медресесіне 1855 жылы оқуға бермек ойы Қарқаралы мешітін салу барысында келгенін оның 1850 жылдың 7 қаңтарында Омбыдағы шекара бастығына жазған хаты растайды. 1849 жылы аға сұлтандыққа тағайындалған Құнанбай өз хатында мешіт салуға бөлінген жердің қолайсыздығын тілге тиек ете отырып, оның мешіт жанында имамның үйі мен ұл балаларды оқытатын мектеп ғимаратына таршылық ететінін атап көрсеткен. Құнанбайдың мешіт құрылысы нақындағы хатында бірінші кезекте балаларды білім-ғылымға баулуға қажетті, міндетті түрде салынуға тиісті оқу орнына жер керек деген. Хаттың осы жолдарынан Құнанбайдың білім беретін мектепсіз мешітке жол жоқ деген пайымдауын танысыз.

Құнанбайдың әуелде Абайды Семейдегі Ғабдул-Жаппар имамға беріп, артынан ғылым жолын терендетіп оқытатын Ахмет Ризаның мешіт-медресесіне ауыстыруы да біздің тұжырыммызды дәлелдей түседі. Қарқаралы мешітінің құрылысына қатысты жазған хатынан біз Құнанбайдың бұл іске жүйелі жоспармен кіріскенін көреміз. Құрылыс ісі басталмай тұрып Құнанбай мешітке бөлінген жерді лайықсыз деп тапқан. Оның ойынша, болашақта Қарқаралы округі казактарының көбісі мешіт пен медресенің маңайынан үй салуды қалайды. Қазірдің өзінде казактардан бөлек татар, бұқар, ташкенттік көпестер де мешіт жанынан өздерінің жекеменшік үйлерін салуға шекара басқармасынан рұқсат алып беру жөнінде Қарқаралы приказна өтініш түсіруде. Паспорты бар шетел көпестеріне үй салуға рұқсат беруге болар еді, жағдай өзгерсе қалса, олар үйлерін басқаларға сатып кете берер еді. Құнанбайдың мешіті салынған соң казактар соның маңайынан үй салуға рұқсат сұрайтыны туралы сөзі расқа шықты. Зерттеуші Б.Нәсеновтің архивтен тапқан дерегі бойынша 1860 жылы Қарқаралы округінің Жағалбайлы-Байбөрі болысының басшы-

ында Қарқаралы приказна аға сұлтандыққа сайланған адам приказ орналасқан мекенде тұруға міндетті еді. Заң ережесі мен осы деректерді салыстыра келгенде өлкетанушы Е.Мұстафиннің Құнанбайдың Ұлжанның туған ұлы Оспан 1852 жылдың желтоқсанында Қарқаралыда дүниеге келуі мүмкін деген сөзінің қисыны барлығына көз жеткізуге болар. Құнанбайдың

Құнанбайдың қамқорлығында болған соң үкімет оны халық меншігі, халық игілігі, халықтық меншік мәртебесіне ие гибадат орны деп таныған. Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған «Қарқаралы қонысында мұсылман мешітін салу туралы» Құнанбайдың 1850 жылдың 28 қаңтарында жазған хатында қазақ мүддесіне сай келетін маңызды ой-пікірлер айтылыпты. (374 қор, 1-тізбе, 3104 іс. 20-21 бет.)

Қарқаралыны мекен етуі аға сұлтандыққа сайланған 1849 жылдан ертерек басталғанын зерттеуші Б.Нәсеновтің архивтен тапқан құжаттары да бекітеді. Құнанбайдың әкесі Өскенбай би 1826 жылдың күзінде Қаракесек болысына қарасты бұқараның сұлтан Саржанның бұлғағына қосылып адасқан кезінде империяға шынайы берілгендігі және пайдалы қызмет көрсеткендігі үшін әскери старшина атағын алғандығын растайтын құжатты алуға Қарқаралы приказна келіп кеткен. Қарқаралының қазақтың ежелгі елді мекені екендігін 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғының 14-бабы дәлелдейді. Бұл нормаға сәйкес қырда құрылатын сыртқы округтердің өзіндік ресми атауларынан өзге, әкімшілік аумақтағы атағы ерте шыққан мекеннің нысыпысын өзінің төл есім-сойы ретінде иелік етуге құқығы бекітілген. Ырғызбайдың ұлдары Жортар мен Өскенбайдың XIX ғасырдың басынан империя әкімшілігімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан оның немересі Құнанбай да үлкендердің соңынан ілесіп, бала жігіт кезінен Шыңғыстау, Қарқаралы, Омбыға апарар керуен жолдарын талай кезген уақытта Қарқаралыны сан мәрте қоныс еткен.

қатыса алар еді. Бұл шаралар олардың отырықшылыққа үйренуінің басы болар және де мешіттің жанынан мектеп ашылса казактың ұл балалары империяның заңдары мен әдетімен таныс болмақ. Құнанбай өз хатында қазақ пайдасына асатын үш мәселені көтеріп отыр: жер, сауда, білім. 1822 жылғы жарлықта сыртқы округте мешіт және дін басшыларына үй салу көзделгенмен, мектеп салу қарастырылмаған-тын. Құнанбай өз хатында мешітпен қоса мектеп салуды сұраған. Жасынан патша заңын жатқа білетін Құнанбай 1822 жылғы жарлықтың §244-бабындағы қазаққа келер зарар-зиянды жете түсінген. Заңда ақ патша «Осы уақытқа дейін казактардың налым-сенімі мұсылмандықтан гөрі дінсіздік күйінде қалуға. Сондықтан, казактардың көбісін христиан дініне енгізуге үміттіміз» дейді. Құнанбай бұл сайқал саясатқа қарсы шығар бір-ақ жол барын дұрыс аңғарған: Қазақ ортасынан дінге де, заңға да жетік ұрпақты тәрбиелеп шығару.

(*Ескі тілдегі «Ел-күн» мемлекет деген ұғым. «Ел» – халық. «Күн» – адам.)

Марат АЗБАҢБАЕВ

• «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК»

Еркін күресте ерлеген

Еңбек адамы – қоғамның қозғаушы күші. Өзінің адал еңбегімен отбасын бағып, ұрпағын өсіріп, екіншіден қоғамға белгілі түрде пайда әкеліп жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірі – еркін күрестен КСРО спорт шебері, белгілі банккер Қасымхан Жұмабаев.

Нұрдо КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ деген қабырғалы, іргелі елдің тарихында балуандардың алатын орны ерекше. «Баллаң-баллаң басатын, балуан болар ма екенсің?» деп, бесіктегі сәбиін тербеткен халықтан білекті ұлдардың көп шығуы заңды құбылыс.



Балуандық өнер туралы әңгіме айтылса, Қасымхан балуанның есімі жиі аталады. Себебі, Балқаштағы еркін күрес спортының көшбасшысы, еркін күрестен бірнеше дүркін чемпион және талай мықтының баптаған бапкердің спорт саласына қосқан үлесі де сүбелі. Саламатты өмір салтын насихаттау, өскелең ұрпақты спортпен және дене шынықтырумен белсенді шұғылдануға тарту – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі. Осы жолда аянбай тер төккен кейіпкеріміз бала кезінен күресті серік еткен жан. Бозкілем төрінде өнер көрсетіп, біраз жетістікке жеткен азамат.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге есігін ашқан Қасымхан Медеуұлы еркін күрестен КСРО спорт шебері, студенттер арасында өткен КСРО чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы. Ол 1973 жылы Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернатына қабылданады. 1980 жылы Қарағандының педагогикалық институтына оқуға түседі. Жоғары білім алған соң кеңестік армия қатарына алынып, Алматы қаласында Отан алдындағы борышын өтейді. 1982 жылы халықаралық жарыста қарсылас шыдапаған балуан жеңіл салмақта чемпион атанып, кілі мықтының арасында еркін күрестен спорт шебері атанады.

– Институт қабырғасында жүріп, жоғары білімді алғаннан кейін жаттықтырушылық өмірім басталды. 1986 жылы «Балқашстрой» мекемесінде еркін күрестен жаттықтырушы болып, жас балуандарды тәрбиеледім. Еркін күрестен балалар тәрбиелеуден басталған қызметтік мансабым әлі де жемісін беріп келеді. Осы жылдар ішінде көптеген жасты тәрбиелеп өсірдім. Шәкірттерім ел және халықаралық бәсекелерде талай топ жарды. 38 жылдық жаттықтырушылық тәжірибем бар. Қазіргі уақытта қырық шақты баланы спортқа баулып жатырмын. Жақында ғана Азат Онал мен Досбол Онал екінші және үшінші орын алды. Олар бүгінде Қазақстан құрамында өнер көрсетіп жүр. Екеуі де бала кезден жан-тәніммен күреске берілген спортшылар. Жігерлі, намысты әрі талантты шәкірттерім көп. Әлі де асар асу, бағындырар белесіміз алда. Тауелсіздігіміз тұрақты, бірлігіміз бекем, спортшыларымыз сергек болсын деген тілегім бар, – дейді жаттықтырушы Қасымхан Жұмабаев.

«Жақсылар жақсымын деп айта алмайды...» – дегендей, өзінен бұрын өзгенің абыройын ойлап, басқанын мерейі үстем болса екен деп тұратын жаны ізгі балуан Қасымхан Жұмабаев азуы алты қарыс мемлекеттердің атағы жер жарған сандақтарына сан соқтырып, жеңіс тұғырына сан мәрте табан тіреген мықты екендігін балқаштықтар мақтанышымен айта алады. Еркін күресте және спорт саласына өлшеусіз еңбегі бар азаматтың есімі балуан, даңқты бапкер ретінде ел жадында жаңғыра бермек.

БАЛҚАШ

ТАҒЫМ

Алаш аманатын арқалаған азамат

Адамзат тарихында Уақыт пен Кеністік сияқты тарихи-философиялық ұғымдардан тыс тұратын ешқандай оқиға, құбылыс болмайтынына ден қойсақ, солардың аясында белгілі бір дәрежеде тарих сахнасына танымал жандардың шығуында да бір заңдылық бар сияқты. Сондай танымал адамның бірі – Көшкінбай Әбілдаұлы Әбілдин еді. Быыл осынау тұлғаның дүниеден озғанына 20 жыл толды. Аталмыш ықшам дүние ол кісіні білген, шарапатын көргендер және адамтану атты күрделі ілімде оны өздеріне ҰСТАЗ тұтқан шәкірттерінің естелігінен, тілектерінен туындағанын баса айтқым келеді.

Адам баласы жылап келіп, жылап кетіп жататын мына жарық дүниенің біз біле бермес заңдылығы бар ма екен, әйтеуір, бір үйлесім мен реттіліктің болатыны және солардың басы-қасында қажырлы жандардың жүретіні анық. Тым әріге бармай-ақ Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ұлылар мен ірілер рухы ХХ ғасыр басында Әлихан бастаған Алаш қозғалысын, Алашорда партиясы мен үкіметін дүниеге келтірді де, асыл текті Алаш арыстары өз ұлтының білімді болуына күш жұмсап, сол білім мен ғылымға Абайдың толық адам тұжырымдамасын іргетас етіп алған-ды. Ал бұл өз кезегінде жалпыадамзаттық шеберліктер қатарына қосылғанын қазірде ірі ғалымдар мойындауда.

Алаш қайраткерлері тәуелсіздік туын көтере отырып, оқу-білімді сол азаттықтың ең басты саласы деп қабылдады да, өздері тоталитарлық тәртіптің ұйғарымымен атылып, айдалып, әйтеуір, зардап шегерін сезді де, көзі ашық зиялыларға аманат етіп, оқу-білім ісін өркендетуді қалдырған еді. Барша саналы ғұмырын осы салаға жұмсаған жанның бірі Көшкінбай Әбілдин еді. 1928 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келді. Қарқаралы педтехникумын, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік бітірді. Аздаған уақыт партия, кеңес саласында қызмет істеді, негізінен, бүкіл ғұмырын оқу-ағарту саласына арнап еді. Нендей жағдай болса да, кейбіреулердей жарнамалап, өзгеге жар салудан бойын аулақ салатын осынау тұлға еңбек жолын мектепте мұғалім боп бастады. Кадрлардың тапшы кезі. Жоғары білімді адамдар аз. Білім беру органдарына, партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына білікті қызметкерлер қажет. Партия қызметіне тартып, баулыған азаматтар кезінде: «Егер мансап қуып, лауазымды қызмет іздесе, Көшкен бір аудан, не облысты басқаратын еді. Республиканың билік органдарына жоғарылап, идеология жөнінде хатшы, ең кем дегенде министр болатын еді, алайда, ол педагогтық қызметті таңдады. Лауазым, мансап қуған жоқ» дегені есімде қалыпты. Ақиқатқа жүгінсек, осы шағын дүниені жазу аса қиынға түсті, себебі, ол кісінің бойындағы рух биіктігі, тектілігі мен безадалық болмысы, жан дүниесінің аса күрделілігі, қоғам келбеті мен уақыт талабын тез байқай алатын сұңғыла саясаткерлігі, тегеурінді де шешімтал іс-қимыл, әрекеті, нендей шешім қабылдаса да заңға сүйенетін сақтығы – бәрі де жазуымызға қолбайлау болды, жауапкершілік жүктелді, шынмызды айтсақ, діндеген жерімізге жетпеген сияқтымыз.



Сірә, осынау тұлғаның күрделі болмысы, тым білімдарлығы, аласалық пен таяздықты, ойсыздық пен парызсыздықты сыртқы сұсымен-ақ жасқап, тым тақалтпайтындығы бөгеді, белгілі бір дәрежеде тұсау болды-ау деген ойдамын. Ол бәрінен бұрын мұғалім болуды армандаған жан екені көрініп тұратын. Еш уақытта өзінің білімпаздығын, зияткерлік өре деңгейінің биік екенін өзгеге айтып, сөз қылғанын да ешкім білмейті. Алайда мені ешкім артық айтты деп сөкпес, ол кісі өз заманынан оза туған азамат еді дегенді баса айтқан орынды, өзін-өзі жарнамалап, мақтамаға да, әлгі асыл қасиеттері жүріс-тұрыс, сөйлеген сөзінен аңғарылып тұратын.

Ол кісі адам тани білетін жан болатын, айтулы педагог, нәзік психолог, ақиқатын айтсақ, нағыз ғалым, онда да адамтану философиясын терең меңгерген тұлға еді. Ұлылар мен ірілерді көрген, талай әйгілі ғалымдармен бірге оқыған адам-тын.

Көшкінбай аға адамдардың қандай екенін білуімен қатар, рухы күшті, адал адамдарды бағалай да білетін, уәдесіне берік болатын. Адамдар арасындағы сыйласымды ерекше құрметтейтін берік ұстанымның иесі еді. Алматыда бір кездесудің сәті түскенде Ә.Қанафин, Ш.Амантурлин (бұрындары Шет ауданында қызмет істепті) сияқты белгілі адамдармен,

Өжетбек, Қадыр, т.б. сияқты оқытушы, ғалымдармен сұхбаттасқаным бар. Олардың Көшкен туралы жоғары баға, ыстық лебіздерін естіп, жастау кезім ғой, қатты шаттанғаным бар. Жақсы ағаға лайықты іні бола алатын, жақсы ініге лайықты аға бола алатын адам болатын. Сол кездің өзінде-ақ дүниетанымының көкжиегі өте кең, рухани өрісі байтақ жан екендігі байқалатын. Ұзақ жылдар бойы аудандық оқу бөлімін басқару ол кісі үшін белгілі бір дәрежеде мекеме басшысының қызметіне көтерілуден гөрі, Алаштың ұлы азаматтары аманат етіп қалдырған аса ірі миссияны орындауға бағытталған қажыр-қайратынан сезілетін. Қалай болғанда да, бодандық қамыттың мықтап киіліп, ұлттық санаға еркіндік беріле қоймаған дәуірде қызмет атқарған адам ғой, ол кісі зиялы қауымды ортақ істе біріктіре алды. Жеке бастың қамы үшін емес, ұлттық мүдденің салтанат құруы үшін бірден ашық кетпесе де, партия шешімдерін желеу етіп, сол жүйенің қуатты да қатаң идеологиясын қалыптасқан тоталитаризм ұстанымдарына шеберлікпен қарсы қоя білді. Яғни, үстем жүйенің өктемдігін ұлттық мақсатқа қызмет еткізуге күш салды.

Кеңес дәуірінде аса қуатты идеологияның мерейі үстем болғаны белгілі. Оның басты мақсаты – ұлтсыздандыру принципі болатын, ақыл-ой, санаға бұғау салынып, білім, ғылым, мәдениет қуатты саясиландыру үрдісін бастан кешті. Әкімшілік-әміршілік жүйе білім, ғылымға араласты, ұлт тарихын басқаша сипатта жазуға бұйрық берді. Нағыз ұлтшыл Көшкінбай Әбілдиннің «нағыз ұстаз», «ұстаздардың ұстазы» атауына ие болуы өзі қызмет еткен өңір бойынша қазақ мектептерінің жабылуына ерекше күш жұмсады, құдіреті күшті партияның «гуманистік» шешімдерін алдыға тартып, ұлт мектептерін аман алып қалды, бұл жайтты қазір біреу білсе, біреу білмес. Бұл әрекет қаншалықты қиындыққа түсті, ол жағы бір Аллаға ғана аян шығар?! Көшкінбай ағадан сиректеу болса да, тамтұмдаған әңгімелер естідім. Қасқар бабамыз туралы аздаған деректерді сол кісіден және Қуаныш Жақыпов ағамыздан алып едім...

Көшкеннің өмірлік қосағы Мағжан Біләлова Қарағанды пединститутын орыс филологиясы бойынша үздік бітірген өзат мұғалім еді. Бі.Алтынсарин атындағы мектепте ол кісі бізге сабақ берді. Бұл кісілер өмірге жақсы ұрпақ әкелді. Тәрбиені, ұлағатты болмыстарына мольнан сіңірген Айгүл, Болат, Нұрғұл, Қанат, Саят, Гүлнарайымдар, қысқарта айтсақ, қос абзал жанның ұл-қыздары деген атқа кір келтірмей жүргеніне тәубе дейміз!

Сөз соңында осынау шағын дүниені Көшкінбай аға мен Мағжан жеңгеміздің рухына арнап, алдары бейіш, арттары кеңіш болғай деген тілекпен аяқтап отырмын.

Мауен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
Қазақстан ПГА құрметті академигі

Еске алу



Абзал ата, аяулы әке, танымал азамат **Көшкінбай ӘБІЛДИН**НІң өмірден өткеніне 20 жыл болды. Асыл әже, ардақты ана, адал жар **Мағжан БІЛӘЛОВАНЫҢ** қайтыс болғанына 22 жыл толды.

Бұлар пешене атты шексіз-шетсіз абстрактті ұғым тұрғысынан алғанда, барша саналы ғұмырларын білім беру, оны ұйымдастыру ісіне арнаған жандар еді. Алаштың ұлы азаматтары аманат етіп қалдырған оқу-білім саласын өркендетуге арналған тегеурінді де батыл іс-әрекет Көшкінбайдай қайраткер әкеміздің сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаятты терең бағамдауына, тоталитарлық тәртіп тұсында әкімшілік-әміршіл жүйенің жас өркеннің ұлтшыл боп қалыптасуына кедергі келтіруіне мейлінше тосқауыл қоюына алғышарттар жасаған еді. Ол қоғам тынысын, уақыт талабын терең түсіне білген, соған орай іс-әрекетінің өзегінде ұлт болашағын жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру деп білген сұңғыла саясаткерлік, табанды қайраткерлік, биік зияткерлік пен білімпаздық жатқан қажырлы жан еді. Артық айтқанмыз емес, ол өз пікірлес, идеялас тұстастары мен дарынды шәкірттерінің арқасында ұстаздардың ұстазы деген атқа ие болған азамат еді. Өмір атты ұлы көш-керуенде біз үшін мақтан тұтар ең бір асыл, қымбат, көкірегімізге имандылық ұялататын нәрсе де олардың артында қалған ізі, өнеге, өсиет, ғибраты дер едік.

Еске алушылар: балалары мен немере-шөберелері.

№533

БӘРЕКЕЛДІ!

Ардагер балуанға құрмет

Приозерск қаласы әкімінің міндетін атқарушы **Мансұр Ахметов Оралда самбадан ардагерлер арасында Әлем чемпионатында ІІІ орынға ие болған Айдар Садуахасовты қабылдады. Аталған шараға бөлім басшылары және банкерлер қатысты.**

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спортшымен кездесу барысында шаһар басшысы қала спорт саласындағы жетістігі тағы бір үлкен жеңіспен толыққанып, бұл жетістіктің күшті рух пен үздіксіз шынығу және зор еңбектің арқасында келгенін айтып өтті.

жеткен жетістіктеріңізге алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да спорт саласының сан қырлы сырларын меңгеріп, жеңіс туын әрдайым биіктен желбіретуге тілектеспін, – деді Мансұр Ахметов.

Сарышаған кентінің теміржол бекетінен сый-құрмет көрсетіп, күтіп алған жанқүйер қауым жаһандық жарыста жарқылдаған

Еңбекпен ерте шыңдалған

Жасынан еңбегімен еңсе тіктегендердің бірі – **Есболат Қарпықбаев**. Күн ертеден кара кешке дейін автобус тізгінде жүргеніне он жылдан жай асты. Бүгінде Қарағандыдағы №3 автотарктің еңбек өтілі ең көп жүргізушінің бірі.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандының банк колледжіне оқуға түскен Есболат Ерболатұлы студент кезде бос жүріспен уақыт өткізбеді. Қолы қалт етсе, еңбек етті. Қатарластары секілді қызық қуған жоқ. Бар ойы – киіміне, жүріп-тұруына ауылдағы ата-анасынан ақша сұрамау еді. Өзі болып-толғысы келді.

Содан таныс досы арқылы автобуска кондуктор болып жұмысқа тұрады. Үш жыл кәнігі жүргізушінің жанында жүріп, жұмыстың барысын әбден меңгеріп алады. Еңбекке осылай еті ерте үйренеді. Осы уақыт аралығында оқуы да ойдағыдай бітіреді. Бірақ, дипломмен жұмыс істеу аяққа тұруға қиын болатынын о бастан түсінген. Есболат кондуктор болып жүрген кезінде жүргізуші куәлігін оқып алады. Оқуынан әбден босаған соң бірден жүргізуші болуды ұйғарады. Автопарк басшылары да еңбеккер жігіттің ерік-жігерін жақсы біледі. Бірден қабылдап, автобус береді. Міне, содан бері он жыл өтті. №43 автобустың жүргізушісі.

Есболат – әке-шешесінің жалғыз ұлы. «Мұндай болып ержетуіме әкем мен шешемнің парасаты, тәрбиесі сеп», – дейді өзі. Жалғыз балаларын өбектеп емес, еңбектен қашпайтын, өжет қылып өсірген әке-шешесі де ауылдың қарапайым еңбек

адамдары екен. «Бала кезімнен әкеме көмектестім. Мал жайғағанда да, шөп шапқанда да, үй шаруасында да үнемі қасында жүрдім. Анам екеуіміз орманға барып, саңырауқұлақ теретінбіз. Ауыр шелекті көтеріп, оны арбаға тиесп, ауылға дейін сүйреп келетінбіз. Ойын баласы болғанда бар ойлайтынмын, әкем мен анама қолғабыс



ету еді. Соның бәрі мені шыңдалды», – дейді Есболат Ерболатұлы. Есболат қалада жүріп, ауылдағы қарашаңырағының қамын күйттеп отыр. Әкесіне көлік мінгізген. Қорасын малға толтырған.



еңбек күні Қазақстан Республикасы

көзқуаныштары бар. Жақында ғана тұсауын кескен. Әр басқан қадамынан шуақ сезініп отыр.

«Кешке қарай жұмыстан қажып келіп, қызымды құшақтап, иіскегенде, бүкіл шаршағаным басылып қалады. Қазір үйге асығамыз», – дейді езу тартып.

Таң бозарып атқаннан атқа қонады. Шамамен, таңғы бес-алтының кезінде автобусты майлап алады. Содан жолға шығады. Кешке дейін күніне қала ішінде 4-5 айналым жасайды. Кешкілік жұмыс аяғына қарай, автобусты жуып, тазалайды. «Жұмыстың басты қиындығы – жолаушылардың қауіпсіздігі. Соған алаңдаймыз. Үнемі жолда жүргендіктен түрлі жүргізушілер кезігеді. Солардан абайлаймыз», – дейді Есболат Қарпықбаев. – Жасыратыны жоқ, қиындықтарға да тап болдық. Жол апатына да түстік. Бірақ, соның бәрі сабақ болды. Шыңдалдық. Тәубе, жаман болған жоқпыз».

Қанағаты бар жігіт демалысында ауылына асығады. Екі күнде қарашаңырағындағы қара жұмысты еңсеріп, бір жағынан әке-шешесіне еркелеп қайтады. Ол кісілер де әр демалыс сайын жолға қарап, балаларын күтеді. Қалаға көшіріп алаын десе, ол кісілердің ауылдан ажырағысы келмейді. Осылайша, ауылда ақ батасын жаудырып, тілеуін тілеп отыр.

Ата-анасының ақ тілеуімен жолы ашылған Есболат Ерболатұлының еңбекпен кешіп жүрген қоныр тіршілігі осындай.



– Спорт – денсаулық кепілі десе, спорттағы жетістіктер – ел мерейін өсіретін, азаматтық намыс пен жігерді шыңдап, даңқын арттыратын тынымсыз еңбек пен төккен тердің жемісі. Киелі де қасиетті Арқа өңірінің абыройын асқақтату жолындағы спорт саласында

жерлерінің жеңісіне ортақтас, спортшыға ізгі тілектерін жолдады. Қала басшысы 71 келіде белдесіп, ел мерейін үстем еткен балуанға Алғыс хат пен теледидар тарту етіп, сәттілік тіледі.

ПРИОЗЕРСК

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, қоғам қайраткері **Серік Мәкенұлы ТӨРЕГЕЛДИН**НІң қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• МҰРА

Құнды жәдігерлер

Қарағандыда өтіп жатқан «Сын – шын болсын» деп аталған ІІ республикалық театр фестивалінде қызық көп. Қызығының бірі – Қалибек Қуанышбаевтың туған ауылы Ақжолдағы тарихи-өлкетану музейі «фестиваль» деп бүтіндей Сәкен театрына көшіп келінді. Мұнда Қаллекидің ғұмырына тікелей қатысты құнды экспонаттар мен суреттер бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге театр абызы ас ішкен ыдыстар қойылған. Зейнетке шыққанда Сәбит Мұқанов иығына жапқан шапан да ілуді тұр. Күміспен көмкерілген таяғы да осында. Бұл таяқты қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Шә-



кен Аймановқа сыйлаған деседі. Ал Шәкен Қалибек Қуанышбаевқа тарту етілді. 1940 жылы Абай бейнесін сомдағанда киген бешпенді көрменің көркі. Қаллеки Абайдың кара сөздерін таспаға оқып қалдырған екен. Міне, сол таспа да осында. Музей қызметкері Жәнібек Жантурин құрметті меймандарға әр жәдігердің тарихын тәттішеп айтты.

– Мұндағы жәдігерлердің барлығы өнер сүйер, атап айтқанда, театр сүйер қауым үшін аса бағалы. Бәрін көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мысалы, бір таяқтың өзінде үлкен тарих, тағдыр жатыр. Мұхтар Әуезов пен Шәкен Аймановтың қолы тиген. Бергісі Қаллеки, – деді Жәнібек Жантурин.

Алыс-жақыннан келген актерлер, сыншылар жәдігерлердің арасына тұрып, суретке түсіп жатты. Расында, ұлтты алға сүйреген біртуарлардың көзін көрген экспонаттар білген адамға бағалы.

• ТЕАТР

Бекзада өнер бәйгесі

Қарағандыда ІІ республикалық театр фестивалі басталды. Биылғысы қазақ театрының іргетасын қалаушы, КСРО Халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 130 жыл толуына орайластырылған. Кеншілер астанасына еліміздің түпкір-түпкірінен 9 театр мен сахна сандактары келді. «Сын – шын болсын» деп аталған фестиваль 5 күнге жалғасады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль шымылдығы баспасөз мәслихатымен ашылды. Әр қырдан келген театр жұлдыздары, сыншылары келудегі мақсаттарын айтып, Қалибек Қуанышбаевтың шеберлігі мен өнердегі биіктігі хақында ой толғады. Құрметті қонақ болып келген сыншы Еркін Жуасбек сөз алды.

– Қалибек Қуанышбаев ешқандай университетті, академияны оқымай-ақ қазақ театры өнерінің іргетасын қалады. Мұндай тұлғаларды «самородок» деп атайды. Ұлттың маңдайына біткен баға жетпес байлық. Ол – жаратылысынан актер.

Ол сахнада, кинокартинада Абайдың ролін сомдағаннан кейін хәлімізге қойылатын ескерткіштің бәрі сол Қаллекидің бейнесіне келтіріліп жасалған. Осы фестиваль арқылы Арқа жұрты аңызға құрмет көрсетіп жатыр, – деді Еркін Жуасбек.

Арқада дүбірлі той легенді естіп, сонау Уфа қаласынан Айсұлу Сағитқызы есімді театр сыншысы арнайы келінді. Ол Қарағандының ғана емес, жалпы еліміздегі театрлардың деңгейіне сырт көз ретінде баға берді.

– Бүгінгі фестивальдің деңгейін көріп, дүбірін естіп, қуанып отырмын. Текті жұрт асылын қадірлейді. Бүгін қазақ театрының іргетасын қалаған абызға осын-

дай құрмет көрсетіліп жатыр. Тауға, биікке қол созған, еліктеген өнерпаз жаман болмас. Қазақстанда театр өнері уақыт өткен сайын өркендеп келеді, – деді құрметті мейман.

Өнертану ғылымдарының кандидаты, Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің өкілі Меруерт Жақсылықова да қарағандылық актерлерге баға берді.

– Қарағандылық актерлер өз репертуарларын сарапқа салатын деңгейде. Арқада өзіндік мектеп бар. Біз оған қуанамыз. Сәкен театры – кара шаңырақ. Осы кара шаңыраққа қамқорлық жасап отыраған облыс басшылығына алғыстан өзге айтар жоқ, – деді Меруерт Жақсылықова.

Баспасөз мәслихатынан соң Сәкен театрының дәл алдында Қоянды жәрмеңкесі сахналанды. Арқаның дарынды әншісі Медет Осатаев Біржан салдың «Айтбай» әнін шырап, ардақты елінің базарлы тойына құтты болсын айтты. Сәкеннің қасқайып отырған ескерткішінен басталған асқақ дауыс Бұқар жырау даңғылымен бойлап, әрі-бері өткен жаяуларды елең еткізді. Қыз, жігіттердің ойын, күлкісі қойылымның сәні болды. Әншілер әнін шарықтатып, бойжеткендер құлпырып би биледі.

Шымылдық ашар спектакльді Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры қойды. Ұжым «Абай»

трагедиясын сахналады. Қаллеки тәрізді өнер тарланының төлқұжатындай Абай ролін бүгінгі ізбасарлары сомдады. Жас Абайды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеулиев, есейген Абайды Қазақстанның халық артисі Тілектес Мейрамов ойнады.

Спектакльдің алдында облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов сөз алып, сахна сандактарына сәттілік тіледі.

– Бүгінгі фестивальдің маңызы зор. Қазақ театрының негізін қалаған алып тұлғаны дәріптеу арқылы, театрдың бүгінгі тынысына серпін берілері даусыз. Мұнда шын таланттар табылып, жұлдыз жанады деп сенемін, – деді Ербол Әліқұлов.

Бір апта бойы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры «Бернарда Албаның үйі» драмасын, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры «Аты жоқ жұлдыз» лирикалық драмасын, Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театры «Ұждан» офаналық қойылымын, Семей қаласының «Дариға-ай» жастар театры «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясын, Түркістан музыкалық драма театры «Шинель» трагикомедиясын, Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры «Көк Түріктер» драмасын сахналайды.

• ПАУЭРЛИФТИНГ

Алыптар Арқаға келеді

Қарағандыда 30 қыркүйек пен 1 қазан аралығында пауэрлифтингтен «Алтын Батыр» Әлем Кубогы өтеді. Аукымды доғада әлемнің түпкір-түпкірінен мыңдаған мықты спортшы қатыспак. Олардың қатарында пәралымнада өкілдері де болады.



Жанкүйерлер ұшсайсы бойынша спорт бағдарламасын көріп қана қоймай, тегін ойын-сауық шараларына қатыса алады. Психологиялық тренингтер, йога, бачата, арт-терапия бойынша шеберлік сабақтары жоспарланған. Сонымен қатар, шахмат турнирі, фототерапия және тауарлар мен қызметтер жәрмеңкесі бар.

Турнирдің ашылуы сағат 10:00-де. Кіру тегін. Жарыс Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінде өтеді (Комиссаров көшесі, 45а).

• ДЗЮДО

Жерлестер

ОЛЖАЛЫ

Кеншілер шаһарында 23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан чемпионаты жалауын желбіретті. Айтұлы спорт жарысы Қарағандыдағы Қ.Байшолақов атындағы спорт кешенінде өтті.

Еліміздің облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 350-ге жуық дзюдошы қатысып, бақ сынады. Қарағанды облысының намысын 31 спортшы қорғады. Ұлдардан – 21, қыздардан – 10.

Жарыстың алғашқы екі күні бойынша бізге жеткен дерекке сүйенсек, ұлдардан 73 келі салмақта Айбек Жақашев чемпион атанды. 60 келі санатында Алдияр Дәріғұлов ІІ орынға жайғасты. Қыздардан 52 келіде Әліма Құрмағалиева, 57 келіде Халзадә Қайратова ІІІ орынға не болды. Чемпионат жеңімпаздары Ұлттық құрамаға алынып, халықаралық додаларға дайындалмақ.

• ФЕСТИВАЛЬ

Әкім кубогі кімге бұйырады?

Балқаш қаласында үш мыңға жуық спортшының басын қосқан ауқымды спорт фестивалі өтуде. Бір айға созылатын дода салыматты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Фестивальде Балқаш қаласы әкімінің кубогі сарапқа салынады.

Қатысушылар арасында спорт шеберінен үміткерлер, Қазақстан чемпионатының финалистері және басқа да әр облыстың үздіктері жиналған.

Волейбол, баскетбол, шағын футбол, еркін күрес, бокс сынды спорт түрлерінен спорт шеберлері бақ сынауда. Боксшылар арасындағы бәсекеде ақтық сынға өткендер де бар. Айтұлы жарыстың ақтық сынға өткен үздіктердің белдесуі 23 қыркүйек күні өтпек.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ЧЕМПИОНАТ

Екі медаль, төрт медальон

Жерлестеріміз, қарағандылық үш студент еліміздің Ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетіп, Польшада өткен «EuroSkills Gdańsk-2023» халықаралық чемпионатында жоғары нәтижеге қол жеткізді. Қазақстан құрамасының есебінде екі медаль және төрт үздік медальон бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Гданьск қаласында EuroSkills VIII Еуропа чемпионаты өтті. Ұлттық құраманың 28 мүшесі жеңіс үшін барын салды. Сондай-ақ, қазақстандықтар 25 құзырет бойынша өнер көрсетті. Жарысқа әлемнің 32 елінен 25 жасқа дейінгі 600 мықты жас маман қатысты.

– Тартысқа толы күн қорытындысында Қазақстан Ұлттық құрамасының мүшелері «Веб-технологиялар» және «Желілік және жүйелік әкімшілендіру» құзыреттерінде бір күміс және бір қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, олар төрт үздік медальонға қол жеткізді. Биыл Қарағанды облысынан құрамаға үш студент кірді. Олардың екеуі – біздің колледжден. Олар – Руслан Нұрғалиев пен Анастасия Смирнова. Студенттеріміз «Сантехника және жылыту» және «Флористика» құзыреттерінде өнер көрсетті, – дейді Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің директоры Әсел Сапарова.

Руслан Нұрғалиев – болашақ сәулетші, ІІІ курста оқиды. Ұлттық құрамаға іріктеу алдында «WorldSkills Karaganda-2022» өңірлік чемпионатында жеңіске жетіп, «WorldSkills Kazakhstan-2022» республикалық чемпионатында екінші орын алған. – «EuroSkills Gdańsk-2023» үшін екі



ай бойы тынымсыз дайындалды. Астана политехникалық колледжінің базасында жаттықтық. Чемпионатта бізге коммуникацияларды қосу міндеті жүктелді. Ол бес модульден тұрады. Сумен жабықтау, газбен жабықтау, жылумен жабықтау, қондырғыларды орнату, смарт-қорап және оларға қосылу. Қиындықтар кездесті, әрине. Біріншіден, кейбір фитингтер мен қондырғылар бейтаныс болды. Мен кәте жі-

беріп, ұпай жоғалтып алдым. Сондай-ақ, жылдамдық жетіспеді. Бірақ, тәжірибе жинадым, машықтарды меңгердім. Енді Әлем чемпионатына қатысып келеді, – дейді Руслан.

Ал, Анастасия Смирнова техник-дизайнер мамандығында оқиды. Флористика – осы мамандыққа қосымша оқытылатын құзыреттілік. Бойжеткенді бұл өнер қызықтырғаны соншалық, Настяның

қоржынында кәсіби шеберлік чемпионаттарында бірнеше жеңісі бар.

– Еуропа чемпионатына қатысу – үлкен тәжірибе. Көптеген жаңа әдісті көрдім, тапсырмаларды өте жақсы орындай алдым. Қатысушылар өте мықты болды. Олар мектеп жасынан флористикамен айналысады. Бір сөзбен айтқанда, менің бағындыратын белестерім әлі алда. Енді Францияда өтетін Әлем чемпионатына қатысу – арманым. Қазір дайындалып жатырмын. Оқуды бітіргеннен кейін өмірімді флористикамен байланыстыру ойым бар, – дейді Анастасия.

Ұлттық құрамадағы кірген үшінші қарағандылық – Шахтинск технологиялық колледжінің түлегі, Қарағанды политехникалық университетінің студенті Александр Рудыкин. Ол Ұлттық құрамада «Электроника» құзыреті бойынша аймақ намысын қорғады.

– EuroSkills-ке мен Шахтинск колледжінің арқасында келдім. Онда оқи жүріп, «WorldSkills Kazakhstan» өңірлік және республикалық кезеңдерінде жемісті өнер көрсеттім. Кейін Ұлттық құрамаға іріктеу туры өтті. Еуропалық чемпионатқа Алматыдағы DOSTI инновациялық орталығының оқу-жаттығу лагері базасында екі ай бойы дайындалдым. Чемпионатта мен бірнеше модульден тұратын тапсырманы орындадым. Сәл дайындық жетпей қалды. Бірақ, мен оның орнын толтырамын, – деп атап өтті Александр.

Ел құрамасы «EuroSkills Gdańsk-2023» чемпионатында үздік ондыққа енді. Кәсіби шеберлік бойынша ірі халықаралық жарыстар екі жылда бір рет «WorldSkills Europe» қатысушы елдерінің бірінде өткізілетінін атап өткен жөн.

ҚАРАҒАНДЫ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Прозасөз: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☹

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К21ВР000030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 ұй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖ2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 564
№105 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН